

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

МЫРЗАБАЕВ НУРЛАНАЛИ КОШҚАРОВИЧ

Кәмелетке толмағандар саудасына қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық
шаралары

7М12303 «Құқық қорғау қызметі» (ғылыми және педагогикалық бағыт)
білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
институты Арнайы заң пәндері
кафедрасының доценті
А.М. Алибекова,
заң ғылымдарының кандидаты,
кіші әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2022 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың саудасы үшін қылмыстық-құқықтық жауаптылық мәселелерінің теориялық және практикалық аспектілерін кешенді зерделеу және қаралып отырған іс-әрекетке қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шараларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

РЕЗЮМЕ

Диссертационная работа заключается в комплексном изучении теоретических и практических аспектов вопросов уголовно-правовой ответственности за торговлю несовершеннолетними по уголовному законодательству Республики Казахстан и разработке предложений, направленных на совершенствование уголовно-правовых мер противодействия рассматриваемой деятельности.

SUMMARY

The dissertation work consists in a comprehensive study of theoretical and practical aspects of the issues of criminal liability for trafficking in minors under the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan and the development of proposals aimed at improving criminal legal measures to counteract the activity in question.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕРІ ҚЫСҚАРТУЛАРЫ.....	4
КІРІСПЕ	5
<p>1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ КЕЙБІР ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ САУДАСЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕУ</p>	
1.1. Кәмететке толмағандар саудасының түсінігі, белгілері және жалпы сипаттамасы.....	10
1.2. Кәмететке толмағандар саудасы үшін жауаптылық туралы қылмыстық заңнамасына ретроспективалық талдау.....	18
1.3 Кәмететке толмағандар саудасына қарсы іс-қимылдың халықаралық- құқықтық аспектісі.....	28
<p>2. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР САУДАСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ</p>	
2.1 Кәмететке толмағандар саудасының объективті белгілері.....	41
2.2 Кәмететке толмағандар саудасының субъективті белгілері.....	56
2.3 Кәмететке толмағандар саудасының сараланған құрамдары.....	64
ҚОРЫТЫНДЫ.....	81
ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	86
ҚОСЫМША 1. Енгізу актісі	92
ҚОСЫМША 2. Нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарға салыстырма кесте.....	93

БЕЛГІЛЕРІ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҚК- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

БҰҰ- Біріккен ұлттар ұйымы

КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

Қазақ АКСР - Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы

ҚАССР - Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы

Қазақ КСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

ҚР АҚ – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

РФ – Ресей Федерациясы

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Адам саудасы, соның ішінде кәмелетке толмағандар саудасы қылмысы барлық мемлекеттердің назарында және оған қарсы іс-қимылдардың жүзеге асырылуы аса қадағалауға алынған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (әрі қарай - ҚР ҚК) кәмелетке толмағандар саудасына қатысты норма енгізіліп, бұл қылмыс санатыны барынша сипатымен мен жазаны айқындап, мүлкі тәркілену арқылы немесе онсыз бес жылдан он сегіз жыл бас бостандығынан айыруды көздейді (ҚК-нің 135-бабы) [1].

Дегенмен, ауыр жазалардың өзі кәмелетке толмаған адамдар саудасының шектеуіне, оны алдын-алуына 100% кепіл бермеуде.

2020 жылдың 25 маусымдағы Америка Құрама Штаты (әрі қарай -АҚШ) Мемлекеттік департаментінің баяндамасында аталған санаттағы қылмыс жағдайы қарастырылды. Баяндамада әлемнің 188 еліндегі және аумақтық құрылымдарындағы, соның ішінде Қазақстандағы жағдай талданды. Бүкіл әлемде адам саудасы сияқты жиіркенішті құбылыстың салдарынан 25 миллион адам, ересектер мен балалар зардап шегетіні жеткізілді. Сонымен қатар, баяндамада Қазақстан үкіметі бұл қылмыстар бойынша атқарылған жұмыстардың өз деңгейінде емес екендігін көрсете отырып, біздің мемлекетті «2-ші деңгейлі ерекше назар аударылатын тізіміне» кіргізген.

2020 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президентінің халықына жолдауында аталған қылмыстың өзектілігін айтып, тиісті шаралар қолдану қажеттілігін жеткізді. Осыған байланысты, ғылыми-зерттеу жұмысы барысында қылмыстық құқықтың отандық және шетелдік ғылымының ережелерін пайдалана отырып, кәмелетке толмағандар саудасы ұғымына, белгілеріне, нысандарына және саралануына қатысты теориялық талдау

жүргізіп, осы қылмыстық құқықбұзушылықты саралау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіру қажет [2].

Қылмыстың ең өзектісі әлеуметтік қаупінің жоғарлығында, себебі жәбірленушілер біздің болашақ ұрпағымыз, оған бей-жәй, салғырттық танытуға болмайды. Жәбірленушілер кәмелетке толмағандар болғандықтан қылмыскерге өздерінің арам ойларын жасауға сенімділік береді, өйткені бұл қылмыс санатындағы жәбірленушілер қандайда да бір қауқар көрсетуге, өздерінің пікірлерін жеткізуге икемдері аз, ал кейбір жағдайларда туындаған мән-жайларды да ұғына бермейді.

Бұл зерттеу жұмысының тағы бір өзектілік жағы кәмелетке толмағандарды сату, пайдалану арқылы жасалумен ерекшеленеді, яғни қылмыскерлер өздерінің материалдық жыныстық, ағзалар мен тіндерді трансплантациялау арқылы табыс мақсатында жүзеге асырады.

Балаларды қорғау саласында қолданыстағы заңнамалар толық қанды халықаралық құқықтың талаптарына, соның ішінде Балалардың құқықтарына туралы конвенцияға сай келмейді.

Шешілетін ғылыми проблеманың немесе практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау.

Кәмелетке толмағандарды саудаға салу (ҚР ҚК-нің 135-бабын) адам саудасынан бөлек жеке арнайы бап болғанымен, оны толық сипаттайтын, жауаптылықты ашатын тұтастары қарастырылмаған.

Диссертациялық жұмысты зерделеу барысында қолданыстағы заңнаманың кемшіліктері мен тетік тұстары анықталды, яғни кәмелетке толмағандарды саудаға салу түсінігі халықаралық заңнамаларға сәйкес сипатталмаған және қылмыстың объектісі ретінде кәмелетке толмағандардың жастық шағы нақтыланып айқындалмаған, сол сияқты осы қылмысқа себепкер болатын кейбір тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы қарастырылмаған.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – ҚР қылмыстық заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың саудасы үшін қылмыстық-құқықтық жауаптылық мәселелерінің теориялық және практикалық аспектілерін кешенді зерделеу және каралып отырған іс-әрекетке қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шараларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Диссертациялық зерттеудің міндеттері:

- қылмыстық құқықтың отандық және шетелдік ғылымының ережелерін пайдалана отырып, кәмелетке толмағандар саудасына ұғымына, белгілеріне, нысандарына теориялық талдау;

- саралау мәселелерін анықтау үшін кәмелетке толмағандар саудасы нысандарының қылмыстық-құқықтық сипаттамасын зерттеу;

- шет елдердің тәжірибесін, сондай-ақ өзінің эмпирикалық зерттеулерінің материалдарын ескере отырып, жауаптылық туралы қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіру бойынша теориялық негіздер мен нақты ұсыныстар әзірлеу;

- кәмелетке толмағандар саудасы құрамының объективті, субъективті және сараланған белгілерін талдау.

Диссертациялық зерттеудің объектісі – кәмелетке толмағандар саудасына қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шараларын жүзеге асыру бағытындағы әлеуметтік арақатынастар.

Диссертациялық зерттеудің тақырыбы – кәмелетке толмағандар саудасына қарсы іс-қимылдың саласы, құқық қолдану практикасы, сондай-ақ зерттеу саласындағы ғылыми зерттеулерден тұрады.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдістемелік негіздері. Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдістемелік негіздері зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері, атап айтқанда, талдау, салыстырмалы-құқықтық және формальды-логикалық әдістері құрады.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Магистерлік диссертация Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар саудасын зерттеуге арналған кешенді жұмыс болып табылады. Диссертацияда аталған проблеманың кешенді зерттеу жұмысы, теориялық талдау және қолданыстағы қылмыстық заңнаманы жетілдіруге бағытталған практикалық ұсынымдар көрсетіледі.

ҚР кәмелетке толмағандар саудасы қылмыстық құқық бұзушылығын саралау бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, тетіктерін жетілдіру және оған қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық ықтимал жолдарын анықтау.

Қорғауға шығарылатын ережелер. Кәмелетке толмағандар саудасы ұғымына, белгілеріне, нысандарына, саралануына теориялық талдау жүргізу арқылы және шет елдердің тәжірибесін, сондай-ақ эмпирикалық зерттеулерінің материалдарын ескере отырып, жауаптылық туралы қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіру бойынша теориялық негіздер мен нақты ұсыныстар әзірлеу.

1. Қолданыстағы қылмыстық кодекстің сипаттамасында бұл қылмыс ұғымымен оның құндылығы ескерілместен, тек зат, тауар тұрғысынан қарастырылғанын байқалады. Осыған байланысты, кәмелетке толмағандар саудасының түсінігін Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы заңына сәйкес кәмелетке толмағандар саудасы туралы түсінікке қолданыстағы қылмыстық іс-әрекеттің белгілерін сәйкестендіру ұсынылады. Осыған орай, ҚР ҚК 135 бабының 1 бөлігінде қарастырлған «сатып алу-сату» сөздері «сату және (немесе) сатып алу» деген сөздермен ауыстыру ұсынылады.

2. Қылмыстық заңнаманың нормаларын жетілдіру мақсатында ҚР ҚК 135-бабының 1-бөлігін «қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау» деген

сөздерден кейін, «сол сияқты кәмелетке толмағандар саудасындағы делдалдық» деген сөздермен толықтыру ұсынылады.

3. Жаңа туған балалар мен жас балаларды саудасының қоғамдық қауіпті дәрежесін ескере отырып, ҚР ҚК 135-бабының 4 бөлігін келесі редакциядағы жаңа 3) тармағымен толықтыру ұсынылады:

«3) жас балаға қатысты жасалса - ...».

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертациялық жұмыста көзделген тұжырымдар мен ұсынымдар үш жарияланымда жарық көрді.

Тұжырымдар мен ұсынымдар Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасына жолданып, тиісті енгізу туралы акт жасалынды.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ КЕЙБІР ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ САУДАСЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕУ

1.1. Кәмелетке толмағандар саудасының түсінігі, белгілері және жалпы сипаттамасы

Кәмелетке толмағандар саудасының түсінігі мен оның жалпы сипаттамасын белгілеу үшін, алдымен оның тарихи кезеңі мен тәжірибені еске түсіру маңызды.

Тарихи кезеңін зерттеуде осы санаттағы құқық бұзушылықтың мардымсыз түр сипаттылығын қылмыстық шектеу арқылы оның пайдалығын қарастырудың, қоғамдық және әлеуметтік түбірін ашуға септігін тигізеді.

Біз бұл қылмысқа тыйым салу арқылы рухани құндылықтар, салт-дәстүрлерге оң жағынан ықпалымен етеміз.

Аталған жағдаяттар осы қылмыс санатының жауапкершілікті қалыптастыруға маңызды рөл атқарады және оның орнығуы экономикалық-қоғамдық себептерден бөлек ортаның адами қасиеттері де ықпал етті.

Бұрынғы кезде балалардың саудасын қарастыратын жеке арнайы нормалардан тұратын ешқандай заңды құжаттар болмаған. Дегенмен бұл проблеманың сол кездерде болмауы туралы толыққанды сеніммен айта алмаймыз.

«Адам саудасы» түсінігі жаңадан қолданысқа енгенімен, оның түп негізі болып саналатын «күлдық» ұғымы қазақ елінің аймағында бұрыннан белгілі. Қылмыстық-құқықтық нормалары көшпенділік мәдениетінің принциптеріне негізделген ерекшелікпен сипатталады. Оны «номадалық мәдениет» деп атайды. Бұл номадалық өркениеттің құрылу, даму және тасымалданып түрлену процесіне Шыңғысханның– «Жаса» немесе «Жасаң» заңдылығы өз үлесін қосты [3, 47-49 бб].

Қазақстанда әлеуметтік қатынастарды реттеушісі негізінде Қасым ханның заңдары– «Қасым ханның қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғы» - әдет нормаларын түйіндеу нәтижесі болып табылады. Әйелді некеге тұрғанға дейін патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастарда күйеуі өзінің жеке заты, меншігі ретінде сатып алған. Белгілі бір жағдайда қалымның болуына байланысты әйелді сатуға және сатып алуға болатын меншік ретінде, зат ретінде қаралды.

Заң әдебиеттерінде «кұлдық» сөзі «адамдарды саудаға салу, сату» терминнің синонимі ретінде қолданылады. Әлбетте аталған терминнің қолданудың себептері де бар, өйткені адамдарды сату кезінде пайдаланушы иелігіндегі адамдарды бұрынғы кездегі құлдарды иеленушімен дәлме дәл келеді. Мұнда бір бір жақ екінші жақтың еңбегін, қызметін және оның физикалық қасиеттерін де пайдаланады.

Халықаралық құқық құжаттарында берілген дефиницияға сәйкес қарасақ олардың арасында өзіндік ерекшеліктері бар.

«1926 жылғы Ұлттар Лигасымен қабылданған Құлдық жайлы Конвенцияда, «кұлдық» - меншік құқығы жүзеге асырылған адамның жағдайы, я болмаса жай күйі көзделсе, ал адамдарды сату деп – адамдарды құлдыққа сату мақсатымен оларды кепілге алу, айырбастау, және сату мақсатымен еріксіздерді иелену әрекету; адамдарды айырбастау және сату мақсатсату мақсатымен еріксіздерді жіберу әрекеті, сол сияқты сату немесе еріксіздерді алып өту әрекеттері» [4].

Аталған құқытық құжат мына мәселені бағыттады:

- адамдарды, еріксіздерді сатуды алдын-алу мен төтеп беру;
- құлдықтың барлық түрлерін жою;
- өзінің шекарасындағы суларында және олардың тулары барлық

кемелерінде еріксіздерді алып өтуді алдын алып, төтеп беру қарастырылған.

Құл иеленушілер құлдың жұмыс күші арқылы өздерінің материалдық тұрғыда әл-ақаттарын көтеруді көздейтін.

Сонымен қатар Конвенцияда мұндай құлдықтың жойылуын, адамдардың адамдарды заңсыз қанауын болдыртпауға бағытталған еді. Өз уақытында аталған Конвенция кейбір елдерде осы уақытқа дейін құлдықтың, адам саудасының нысандарын жоятын негізгі құжаты болып табылатын.

Бұл Конвенцияға өткен ғасырдың ортасында дүниежүзінің барлық елдері қосылып, қоғамдық ортада, санада бір адамды екінші адамның қанауы сияқты үрдіске ұқсас, алайда өзінің сипатымен құлдықтан алшақтау біршама дәстүрлер мен институттар сақталды. 1956 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының құлдық жөніндегі Конвенция құлдықты, құлдарды сату және құлдыққа ұқсас институттар мен дәстүрлерді жоятын Конвенциямен толықтырылды. Конвенцияға сәйкес құлдыққа ұқсас мынандай институттардың түсінігіне кіреді:

- «Құлдық қамыты» - қарызданушы өзінің қарызын өтеу үшін еңбекпен өтеуге негізделсе, нәтижесінде жұмысы қарызын өтеуде есепке алынбайды, я болмаса жұмыс істеу ұзағы шектелмейді, анықталмайды;

- крепостнойлық жағдай - заң, дәстүр, келісім бойынша өзге адамның жерін пайдаланатын тұлға сыйақы немесе онсыз сол жерде жұмыс жасауға және тұруға, басқа тұлға үшін белгілі жұмыс істеуге міндетті. Өзінің жағдайын өзгерте алмайды;

- материалдық жағдайға байланысты ақшалай немесе өзгеде сыйақы үшін әйелдің рұқсатынсыз, оның ата-анасының, қорғаншылардың және жанұя мүшелерінің немесе өзге мүлдем бөлек адамдардың, бір топ тұлғалардың күйеуге беруі;

- күйеуі ақшалай немесе өзге сыйақы үшін әйелін бөтенге күйеуге беруі немесе күйеуі қайтыс болғаннан кезде мұра ретінде басқа тұлғаға өтуі;

- ата-анасы немесе қорғаншысы сыйақы немесе онсыз 18 жасқа дейінгі баланың өзін немесе еңбегін пайдалану мақсатында өзге тұлғаға беру институты немесе дәстүрі [5, 121-123бб].

Адам саудасы (жасына қарамастан) – бұл құлдықтың қазіргі заманғы түрі, ол адам құқықтарының ең қатал бұзылуымен бірге жүреді. Осы қылмыстың нәтижесінде жеке адам айла-шарғы жасау объектісіне, сатуға және сатып алуға болатын нәрсеге айналады. Бұл мәселені ашып көрсету, оған бүкіл қоғамның назарын аудару және адам саудасы деген не, онымен қалай күресу керек, осы құбылыстың алдын алу және зардап шеккен адамдарға қалай көмектесу керектігі туралы ойлану қажет [6].

Аталған қылмыс түрі қазіргі кезде қоғамдағы теріс құбылыстардың біріне айналуға, бұл жағдайды алғашқы рет ХХ ғасырдың басында құқық қорғаушылардың тарапынан көтерілген.

Бүгінгі таңда Қазақстан адам саудасының тауарының қайнар көзіне және біздің аймақтан алып өту орнына айналып отыр. Біздің елден әйелдер мен қыздарды Греция, Туркия, Израильге, Біріккен Араб Әмірлігіне, Оңтүстік Кореяға сатып жіберу фактілері орын алуда. Ақпараттарға сәйкес Қазақстан арқылы Қырғызстаннан аталған мемлекеттерге қыздар мен әйелдер жеткізіліп жеткізіліп тұрған. Қырғыз елінен жұмыскерлерді (ерлер мен әйелдер) Алматы облыстарына Қырғыз-Қазақстан шекаралары арқылы темекі плантациясында жұмыс жасату мақсатында заңсыз алып өту деректері тіркелген [7].

Қазіргі уақытта кәмелеттік жасқа толмағандарды саудалау фактілеріде орын алуда.

Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек «Адам саудасы» ҚР ҚК 128-бабы бойынша қылмыстық істер қаралып жатқан құқық бұзушылықтар:


2017 жылы - 33, 2018 жылы – 27;

2019 жылы - 8, 2020 жылы - 45.

Талдауға көз жүгіртсек, 2017 жылмен салыстырғанда істер саны 6 іске немесе 82% - ға азайды.


2018 жылмен салыстырғанда істер саны 19 іске немесе 30% - ға азайды.

Көріп отырғаныңыздай, динамика 2020 жылға дейін оң болды. 2020 жылы істер саны күрт өсіп, өсім 82% құрады.



«Кәмелетке толмағандар саудасы» ҚР ҚК 135-бабы бойынша қылмыстық істер саны: 2017 жылы - 14, 2018 жылы - 9, 2019 жылы - 6, 2020 жылы – 21.

Деректерді талдау барысында 2017 жылмен салыстырғанда істер саны 5 іске немесе 64% –ға азайғанын көрсетеді. 2018 жылмен салыстырғанда істер саны 3 іске немесе 66% - ға азайды, оң динамика 2020 жылға дейін байқалды. Алайда, 2020 жылы 71,4% - ға күрт өсу болды [8].



Кәмелетке толмағандар саудасының қазіргі таңда орын алып күрт өсуін келтірілген статистикалық есептен байқауға болады.

Кәмелеттік жасқа толмаған балаларды сатып алу мақсатында оларды ұрлау ұғымы Қазақстанға жүйенің, елдің, жалпы, қоғамдық сананың қайта құрылуымен сабақтаса келді. Алғашқы рет сыйақы ретінде кәмелетке толмаған балаларды саудаға салу жөнінде мәлімет 1978 жылы «Советская милиция» журналында жарық көрген [9].

Кәмелетке толмағандарды шетелге заңсыз әкетудің өсуі елеулі алаңдаушылық туғызады, өйткені Қазақстан өзінің генофондының едәуір бөлігін жоғалтады, біздің отандастарымыз жақын және алыс шетелдерге сатылады, жасөспірімдер материалдық сыйақы алу мақсатында ұрланады.

Мәселен, 2020 жылы қыздарды, оның ішінде біздің елден шетелге сатудың қылмыстық схемасы белгіленді. Бахрейнде әртүрлі елдерден қыздарды, соның ішінде қазақстандық қыздарды (*барлығы 39 қыз, оның 9 кәмелетке толмағандар*) жеңіл табысқа, қонақ үйлерде қоғамдық тамақтану саласында жұмысқа шақыратын қылмыстық топ болған, олар қыздардың келген бойда сәйкестендіру құжаттарын алып, 2.000.000-нан 6.000.000 теңгеге дейін жыныстық қызметтер көрсетуге немесе жыныстық құлдыққа сатуға мәжбүрлеген [10].

Адам саудасы, оның ішінде жас балаларды сату және сатып алу, азғырып көндіру, тасу, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасаның қылмыстық кодексінің 135-бабында көзделген (әрі қарай- ҚР ҚК) [1].

Бұл қылмыс санатының теріс жағы адам саудасында, оның ішінде жас балалардың тұтынушы заттар мен тауарларға теңестірілуінде. Осы жағдай адами құндылықтарды жоюға септігін тигізеді.

Одан бөлек ата-ана мен балалар арасындағы қатынастар, байланыстардың тоқтауының өзі де келеңсіз жағдайларға және моральдық, физикалық ақыл – ой өрісінің дамуы да бұзылады.

Өзімізге белгілі ҚР азаматтық заңнамасында - «сатып алу-сату нысанындағы сауда - бір тарап белгілі бір ақыға кәмелетке толмаған баланы уақытша немесе тұрақты иеленуге, ал екінші тарап оны сататын мәмілені түсіну, сатып алу-сату деп бір тарап (сатушы) затты (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне беруге міндеттенетін, ал Сатып алушы осы тауарды қабылдауға және ол үшін баға деп аталатын белгілі бір ақша сомасын төлеуге міндеттенетін шарт танылады» [11].

Сату дегеніміз - бір тарап кәмелетке толмаған баланы ақы төлеу үшін тұрақты иеленетін, ал екінші тарап сататын мәміле. Бұл жағдайда төлем ақша ғана емес, мүлік немесе меншік болуы мүмкін. Баланы мүлікке айырбастауды, ал сыйлық-сыйға тартуды қамтиды, бірақ мүліктік жеке қызығушылық жоққа шығарылмайды.

Қаралып отырған құқықбұзушылықтағы адамдарды беру мен иелену, сол сияқты пайдалану жағдайындағы өзге де шарттар жасау - кәмелетке толмаған адамды басқаларға сайман, құрал бір сөзбен айтқанда зат берудің кез келген басқа да әрекеттері мен түрлері жатады.

Мәселен, жасөсірімдерді қайыршы ретінде берген жағдайларды жатқызуымызға болады. Өзге де шарттардың сипатына ретінде төлем түрін сипаттайды, бұл ретте кәмелетке толмағанды бір адамнан екінші адамға пайдакүнемдік немесе өзге де қоғамға қарсы мақсаттарда беру. Мұнда төлем тек ақша үшін ғана емес, кәмелетке толмаған баланы беру немесе иелену түрінде азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау үшін де жасалады.

Бұл басқа кәмелетке толмаған адамға беру, зат, сыйлық, қарызды, шығындарды және т.б. өтеу үшін көпшілікке беру немесе беру.

Мысалы, кәмелетке толмаған адам материалдық сипаттағы қызметтерді көрсеткені үшін ақы алады, сонымен қатар оларды пайдалану мақсатында жақын туыстарына, өзге де тұлғаларға белгілі бір мақсатта, яғни кепіл ретінде

пайдалану, уақытша немесе ұзақ мерзімге қолдану, жыныстық қатынасқа береді.

2020 жылдың 25 маусымдағы АҚШ Мемлекеттік департаментінің баяндамасында аталған санаттағы қылмыс жағдайы қарастырылды. Баяндамада әлемнің 188 еліндегі және аумақтық құрылымдарындағы, соның ішінде Қазақстандағы жағдай талданды.

Бүкіл әлемде адам саудасы сияқты жиіркенішті құбылыстың салдарынан 25 миллион адам, ересектер мен балалар зардап шегетіні жеткізілді. Сонымен қатар, баяндамада Қазақстан үкіметі бұл қылмыстар бойынша атқарылған жұмыстардың өз деңгейінде емес екендігін көрсете отырып, біздің мемлекетті «2-ші деңгейлі ерекше назар аударылатын тізіміне» кіргізген.

Қолданыстағы қылмыстық кодекстің сипаттамасында адамдарды «сатып алу мен сату» ұғымымен оның құндылығы ескерілместен, тек зат, тауар тұрғысынан қарастырылғанын байқалады.

Кәмелетке толмағандар саудасының түсінігін Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы заңына сәйкес кәмелетке толмағандар саудасы туралы түсінікке қолданыстағы қылмыстық іс-әрекеттің белгілерін сәйкестендіру қажет.

Нақты айтқанда «адамдарды сату» пайдалану мақсатында адамдарды күш қолданамын деп қорқыту немесе оны қолдану немесе мәжбүрлеудің, ұрлаудың, алаяқтықтың, алдаудың, билігін асыра пайдаланудың немесе жағдайының осалдығын пайдаланудың басқа нысандары арқылы не басқа адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін төлемдер немесе пайда түрінде параға сатып алу арқылы жүзеге асырылатын арбауды, тасымалдауды, тапсыруды, жасыруды немесе адамдарды алуды білдіреді.

Пайдалануға, кем дегенде, басқа адамдардың жезөкшелігін пайдалану немесе нәпсіқұмарлық пайдаланудың басқа нысандары, мәжбүрлі еңбек немесе қызметтер көрсету, құлдық немесе құлдыққа ұқсас әдет-ғұрыптар, бағынышты жағдай немесе органдарды кесіп алу кіреді [12].

Аталған конвенцияда адам саудасы түсінігіне, оның белгілеріне толықтай қажетті ұғым келтірілген. Бұл ретте қылмыстық сипатын, белгілерін, жасалу жолдарын көрсете отырып, аталған қылмыс санатында кездесетін ерекшіліктерді толық бейнелеп, адамзаттың құндылығын бірінші орынға қойылған.

1.2. Кәмелетке толмағандар саудасы үшін жауаптылық туралы қылмыстық заңнамасына ретроспективалық талдау

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғанға дейін кәмелетке толмағандар саудасына қатысты қылмыстық жауаптылық қандайда бір заңнамаларында қарастырылмаған.

Қылмыстың жасалу жолдары мен қылмыстардың орын алу себептерін дәрежелей келе, жәбірленуші тараптардың шеккен зардаптарын ескере отырып 1997 жылғы ҚК-нің 133-бабында алғаш рет кәмелетке толмағандарды саудаға салу туралы арнайы бап қолданылды.

Аталған ҚК-нің қабылдауына дейін қазақ даласында 1959 жылғы ҚазССР қылмыстық кодексі қолданыста болғанымен қылмыстық кодексте адам саудасы немесе кәмелетке толмағандар саудасына қатысты нақты арнайы бап көрсетілмеген.

Дегенмен бұл қылмыстық кодексте зерделеніп отырған қылмыс санатының элементтеріне сәйкес келетін баптарды жатқызуға болады – олар пайдакүнемдік мақсатта 116-бапта көзделген «адамды ұрлау» мен 116-1 баптағы «біреудің баласын ауыстыру».

1910 жылы жалпы ресейлік съездте әйелдердің жезөкшілігі мен оның себептері туралы істер, соның ішінде балалардың жезөкшелігі мен олармен күресу жолдары қарастырылды. Б.Бентинвиннің «балалардың жезөкшелігі» туралы баяндауында оларды сатуға алып келетін факторлар экономикалық жағдай делінді. Балалардың денесін сатушылар, Б.Бентинвиннің ойынша, олардың ата-аналары, туысқандары, жезөкшілер болып табылады. Алайда сол уақытта қылмыстық заңнамасында кәмелетке толмағандардың саудасына қатысты арнайы нормалары болмағандықтан, ғылыми қоғам осы жағдайдан шығудың жолдарын іздеген. Мысалы, П.Грацианов балалардың денесі саудасына жауаптылықты ұсынды. Оның пікірінше 1885 жылғы жазалаулар жөніндегі Жинақтың 1000 бабына келесідей өзгеріс енгізу қажеттігін көрсетті: «Жеңгетайлыққа қатыстылығы бар тұлғалар 2 айдан 4 айға дейін түрмеге отырады, ал кәмелетке толмағандардың және жасөспірімдердің саудасына қатысы бар адамдар 6 айдан 1,5 жылға дейін түрмеге қамалады» [13, 38 б].

Кәмелетке толмағандар саудасына оларға бақыласыздығы әсер еткен, бұл жағдайда балалардың асыраушылықтарынан айырылып қабілетсіз жағдайда қалған. 1911 жылы С.Познышев «Балалардың қылмысы және олармен күресу жолдары» еңбегінде кәмелетке толмағандар саудасын байланысты келесідей себептерді жеткізді:

- 1) кәмелетке толмаған адамның өмірінің бұзылған жағдайы
- 2) оларға бақылаудың жоқтығы;
- 3) материалдық жағдайды төмендігі немесе кедейлік;
- 4) мұрагерліктің нашар болуы.

С.Познышевтің пікірінше – «алдымен қылмысқа түскен жетімдердің әрекеттері, өйткені олардың басым бөлігі кедей отбасыларға жататын және заңсыз туылғандар мен таныс емес жерден шыққандардың үлесі жоғары» [14, 103б].

Станская А. А. «кәмелетке толмағандардың жезөкшелігі Әлеуметтік және құқықтық мәселе» атты туындысында балаларға қатысты қатаң қатынастар олардың сутенерларға жезөкшілікпен айналысуға сатылатын, шаруаларға, трактирлерге, ішімдік ішетін орындардың иелеріне жалға берілетін жағдайларға алып келетін [15, 93б].

Дегенмен бұл мәселелер дамуынақарамастан XX ғасырдың басында қылмыстық заңнамада кәмелетке толмағандар саудасына қатысты арнайы нормалар болмады.

Кейіннен 1922 жылдары КСРО қылмыстық кодексі заңи тұрғыдан кәмелетке толмағандардың мүддесін қорғауға қатысты келесідей жауаптылыққа қарастырылған: бөтеннің баласын ұрлау, оларды тығу, сол сияқты алмастыру, жас шағына байланысты өміріне қауіпті жағдайда қалдыру.

Сонымен қатар 1960 жылы аталған кодексте кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қатысты қол сұққаны үшін жауаптылыққа тартылатын тізімі кеңейтілді.

Бұл ретте кәмелетке толмаған адаммен сексуалдық немесе жыныстық қарым-қатынасқа түсу, жеңіл жүріске бағытталған іс-әрекеттер, жасөспірімге тиісті төленетін қаражатты беруден жалтару, асыраушылық міндеттерді асыра қолдану, сол сияқты асырап алу құпияны ашу, баланы ауыстыру, кәмелеттік жасқа толмаған баланы заңға қайшы іс-әрекетке итермелеу, сол сияқты масаң болу күйіне түсіру, дәрілік пен өзге де медициналық емес белгісіз нәрселерді пайдалану және некелесу жас мөлшеріне жетпеген адаммен некеге отыруды енгізілді [16, 45б].

ҚР ҚК-нің 125-бабының пайда болуы 80-90 жылдар аралығындағы бала саудасымен тығыз байланысты.

Біздің мемлекетіміз тәуелсіздігін алғаннан кейін бұл қылмыс санаттарына қатысты заңнамалар өз шешімін тапты.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы (2004 жылғы 9 шілдедегі N 591) әрекет етуде және ҚҚ-де «отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қылмыстық жауапкершіліктер» қарастырылған.

Қазақстан Республикасында қылмыстық саясаттың негізгі бағыттарының бірі жеке адамның құқықтары мен еркіндігін қорғау болып табылады.

2019 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі атты жолдауында» жеке адамға, әсіресе балаларға қарсы басқа да ауыр қылмыстар үшін жазаны шұғыл түрде қатаңдату қажет деп атап көрсетілген [17].

Мемлекет Басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне, жеке адамның құқықтарын қорғауды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [18].

Мұндай шаралар адам саудасы үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін бапқа да қатысты болды. Бұл олардың қоғамдық қауіптілігін ескере отырып, жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-әрекеттің қылмыстық-құқықтық шараларын одан әрі жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа бағытта: әрекет ету уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «біздің жоспарда адам саудасына қарсы күрес те бар. Бұл жерде Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың алдында жақсы көрінбейді. Құқық қорғау мекемелері мұндай қылмыстарды тергеу рәсімін жақсартуы керек» [2].

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2018 – 2020 жылдарға арналған бекітілген жоспарға сәйкес аталған қылмыс санатына қарсы іс-қимыл мен алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруда.

Біздің пікірімізше, Қазақстан Үкіметі адам саудасын жою бойынша минималды стандарттарды толық көлемде сақтамайды, алайда бұл бағытта айтарлықтай күш салуда. Олардың ішінде адам саудагерлерінің қатаң қылмыстық жауапкершілігін көздейтін түзетулер енгізу және болжамды адам саудагерлеріне қылмыстық іс қозғаудан бас тартқаны үшін өз құрбандарына өтемақы төлеуге мүмкіндік беретін ереженің күшін жою деп атауға болады.

Адам саудасына қарсы күрес туралы заңдар күшейтілді, бірақ тұтастай алғанда Үкіметтің бұл құбылыстың жолын кесуге бағытталған құқық қолдану қызметі қысқарды.

Қылмыстық кодекстің 128, 134, 135, 308, 125 (3б) және 126 (3б) баптары адам саудасын сексуалдық қанау және еңбекті қанау мақсатында қылмыстық жауапкершілікке тартады.

2019 жылғы желтоқсанда ҚР ҚК адам саудасына байланысты өзгертулер мен толықтырулар жасалынды.

Бұл редакцияда зерделеніп отырған қылмыс санаты бойынша төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге, ал балалар саудасы бойынша бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, тиісті қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру мерзімдерін үш жылдан бес жылға дейін және бес жылдан жеті жылға дейін ұзартуды көздейді; ауырлататын мән-жайлар кезінде жазалар он сегіз жылға дейінгі мерзімге ұлғайтылуы мүмкін.

Бұл өте қатаң жазалар, ал жыныстық қанау үшін адам саудасы зорлау сияқты басқа да ауыр қылмыстарға сәйкес жазаланады. Адам саудасына айыпталушы адамдарға қатысты түзетулер нәтижесінде қылмыстық кодекстің 68-бабы алынып тасталды, бұл сотталушыларға қылмыстық істі тоқтату үшін

ақшалай өтемақы төлеу арқылы жәбірленушілермен татуласуға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Есептік кезең ішінде 68-бап кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстарға байланысты жағдайларда қолданылмады, бірақ 68-бап 2019 жылы Адам саудасы жағдайларында қолданылмаса да, 128-баптың 1-бөлігіне сәйкес адам саудасының басқа да нысандарымен байланысты жағдайларда қолданылуын жалғастырды.

Есепті кезең ішінде ресми мекемелер көрші (Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан) және алыс мемлекеттерді алғанда, бірігіп жоғарыда көрсетілген қылмыстарға қатысты 10 істі тергеп, біршама іс-шаралар жүргізді.

Кең ауқымды ынтымақтастыққа қарамастан, ірі шекара бекеттерінде шекарашылар көрші мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен жұмысты минималды үйлестіре білді. Сонымен қатар, 2019 жылы адам саудасына байланысты қылмыстары үшін өз елдерінде іздеуде жүрген бес шетелдік азамат экстрадицияланды.

2020 жылдың ақпанында «Жусан» операциясының аяқталуы туралы 550-ден астам қазақстандық әйелдер мен кәмелетке толмағандарды Иракқа және Сирияға, соның ішінде ата-аналары немесе жұбайлары ДАИШ-тің ұрыстарына қатысқан деп күдіктенген адам саудасының құрбандарын елге қайтару туралы жарияланды. ДАИШ балаларды солдат ретінде қолданатыны және адам саудасының басқа түрлерімен айналысатыны белгілі. Мемлекет, әдетте, балаларды туыстарына орналастырады, оларды оңалтуды және қалыпты өмірге оралуды толық қаржыландырады және қолдайды.

Балаларды сату-баланы қанау мақсатында тарту, тасымалдау, беру, жасыру немесе алу «адам саудасы» болып саналады, тіпті егер бұл адам саудасының анықтамасында (хаттама БҰҰ көрсетілген қылмыс санатындағы іс-әрекеттерді алдын алу және жолын кесу және ол үшін адамдарды, әсіресе

әйелдер мен балаларды жазалау туралы) баяндалған құралдардың ешқайсысына байланысты болмаса да [19].

18 жасқа дейінгі, жұмысқа тартылған немесе бір жерден екінші жерге ауыстырылған кез келген бала, тіпті алдау немесе мәжбүрлеу қолданылмаса да, адам саудасының объектісі болып саналады. Осы факторлардың біреуіне немесе жиынтығына тап болған балалар әсіресе осал болып, сауда мен қанау қаупінің жоғарылауына тап болуы мүмкін. ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша, жыл сайын 1,2 миллионға жуық бала бүкіл әлемде сауданың құрбаны болады, ал миллиондаған долларлық бизнес болып табылатын сауда балаларды физикалық зорлық-зомбылыққа, жыныстық зорлық-зомбылыққа және ауыр эмоционалды азапқа душар етеді [20].

Қазақстандағы балалардың ішкі саудасы күрделі мәселе болып табылады. Өкінішке орай, қанауға ұшыраған және сауда объектісіне айналған балалар мен жасөспірімдер адам саудагерлері мен қанаушылар оларды ішімдік пен есірткіні қолдану, сондай-ақ қорғалмаған жыныстық қатынас сияқты қауіпті мінез-құлыққа жиі мәжбүрлейтінін хабарлады.

Палермо хаттамасы, Еуропа Кеңесінің Конвенциясы, сондай-ақ әлемнің көптеген елдерінің заңнамасы балаларды сату деп кәмелетке толмағанды қанау мақсатында жалдау, тасымалдау, беру, жасыру немесе алу түсініледі. Бұл әрекеттер ықпал ету құралдарының кез-келгенін қолданумен байланысты болмаса да (ересек адам саудасын мойындау үшін қажет) қылмыс болып саналады.

Осылайша, балаларды сату үшін екі элементтің тіркесімі жеткілікті: әрекет және мақсат (әсер ету құралдары маңызды емес). Кәмелетке толмаған адамды қанаудың кез-келген нысаны, егер оның ерікті келісімі болса да, Адам саудасын құрайды. Бұл балалардың оңай әсер ететіндігімен түсіндіріледі, олардың өмірлік тәжірибесі олар қабылдаған шешімдердің барлық салдарын бағалауға мүмкіндік бермейді, оларды басқару оңай [21].

ҚР ҚК 128-бабы «Адам саудасы» бойынша істі өте сирек қозғайды. Әдетте бұл басқа баптар бойынша жасалады: ұрлау, бас бостандығынан айыру және жезөкшелікке тарту. Осы себепті трафик бойынша қозғалған істердің статистикасын бақылау мүмкін емес, және бірыңғай база жоқ - бұл барлық мемлекеттік құрылымдарда әр түрлі [22].

Қылмыстық кодексте кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату, қанау не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген (ҚР ҚК 135-бабында) [1].

Көп жағдайда кәмелетке толмаған баланы сатып алу-сату оны кейіннен асырап алу және тәрбиелеу мақсатында емес, мүлдем басқа мақсаттармен жүзеге асырылады және мұндай әрекеттер ҚР ҚК 135-бабында көзделген қылмыс белгілеріне жатпайды, өйткені «қанау» ұғымымен қамтылмайды.

Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 2-бабында «балаларды сату» ұғымы баланы кез келген адам (адамдардың кез келген тобы) басқа адамға (адамдар тобына) сыйақы немесе кез келген өзге өтем үшін беретін кез келген актіні (мәмілені) қамтиды [23].

Жоғарыда айтылғандардан қорытынды жасауға болады, ересек адамға қарағанда, кәмелетке толмағандарда (әсіресе жас балаларда) толық еркі болмайды: бұл олардың мәртебесімен және жас ерекшелік сипатындағы психофизиологиялық қабілеттерімен шектеледі.

Осылайша, балалар саудасы балалардың бостандығына ғана емес, сонымен бірге олардың мүдделеріне де қол сұғады, сондықтан балалар саудасының қылмысында баланы тек бас бостандығынан айыру мүмкін емес.

Адам саудасына байланысты Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың олардың біліктілігі бөлігінде дұрыс және біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – ЖСНҚ)

2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы қабылданды «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» [24].

Аталған ЖСНҚ нормаларына сәйкес адам саудасына байланысты қылмыстың объектісі адамның бостандығы, оның жеке қауіпсіздігі, құқықтары мен заңды мүдделері, ар-намысы мен қадір-қасиеті, тұрғылықты жерін, кәсібі мен кәсібін еркін таңдау құқығы болып табылады.

Осы ереже ҚР ҚК 135-бабына да қолданылады. Сонымен қатар, кәмелетке толмағанның өмірі мен денсаулығы, осы жасөспірімді тәрбиелеудегі ата-аналардың немесе жақын туыстарының мүдделері міндетті емес объект болады.

Кәмелетке толмағандар саудасының объективті жағын заң шығарушы кәмелетке толмағанға қатысты сатып алу-сату немесе өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны қанау не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де әрекеттер жасау түріндегі диспозицияда баяндайды. Жоғарыда аталған баламалы әрекеттердің бірін жасағаны үшін кінәлі адам қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

ЖСНҚ ҚР ҚК 135-бабының объективті жағының белгілеріне жеткілікті түрде толық түсінік береді. Осылайша, ЖСНҚ-ның 3-тармағына сәйкес «адамды сатып алу-сату деп бір тарап (сатушы) басқа тарапқа (сатып алушыға) адамды белгілі бір сыйақы үшін беретін құқыққа қайшы ақылы мәмілені түсінген жөн. ҚК-нің 128-бабы бойынша не ҚК-нің 135-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеліп соқтыратын өзге мәмілелерге адамды сыйға тартуды (адамды басқа бір адамға тегін беру), айырбастауды (адамды әлденеге айырбастау), алмастыруды (бір адамды басқа бір адаммен ауыстыру), жалға беруді (адамды ақыға уақытша иеленуге және пайдалануға беру), адамды тараптар арасында жасалған мәміле бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің кепілі ретінде қалдыруды, адамды төлем ретінде

пайдалануды, адамды қандай да бір мүліктік емес сипатта пайда табу мақсатында беруді және басқаларды жатқызған жөн».

Осы Ережені талдау сатушы мен сатып алушы қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын көрсетеді. Бұл ретте осындай мәміле (сатып алу-сату) кезінде үшінші қатысушы – делдалдың да болу жағдайлары болуы мүмкін. Мұндай делдалдың жауапкершілік дәрежесін ескеру қажет (оның кәмелетке толмаған баланы сатып алуға немесе сатуға ықпал етуге көзделген) немесе жағдай жасауға бағытталған ниеті). Осыған байланысты кәмелетке толмағандар саудасындағы делдалдық үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыру қажет болып көрінеді.

Кәмелетке толмағандар саудасының субъективті жағы тікелей ниетпен және арнайы мақсатпен сипатталады. Бұл ретте кәмелетке толмаған адамды қанау не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де әрекеттер жасаған жағдайда ғана белгілеу қажет. Кәмелетке толмағанға қатысты сатып алу-сату немесе өзге де мәмілелер жасау кезінде қанау мақсатын белгілеу.

Қаралып отырған қылмыстық әрекеттің субъектісі кәмелетке толмаған адамның сатушысы да, сатып алушысы да болуы мүмкін. Кәмелетке толмаған адамға қатысты сатушы ата-аналар, қамқоршылар және басқа адамдар бола алады мысалы, кәмелетке толмаған баласы заңды түрде болатын жақын туыстар. Бұдан басқа, олар асырап алушы ата-аналар да (асырап алушылар) болуы мүмкін. Кәмелетке толмаған баланың ата-аналарын қоспағанда, кез келген адам сатып алушы бола алады.

Жүргізілген талдау отандық қылмыстық саясат аясында іске асырылатын кәмелетке толмағандар саудасына қарсы іс-әрекет шараларын заңнамалық тұрғыдан бекіту тұтастай алғанда қаралып отырған әрекеттің мәселелерін шешуге ықпал ететінін көрсетті.

Кәмелетке толмағандар саудасында жауаптылық туралы қылмыстық заңнаманың нормаларын жетілдіру мақсатында ҚР ҚК 135-бабының 1-бөлігін «қанау мақсатында» деген сөздерден кейін, «сол сияқты кәмелетке толмағандар саудасындағы делдалдық» деген сөздермен толықтыру ұсынылады.

1.3. Кәмелетке толмағандар саудасына қарсы іс-қимылдың халықаралық-құқықтық аспектісі

Қазіргі кезде кәмелетке толмағандар саудасы көптеген елдердің үшін ең басты проблемаларына айналды. БҰҰ баяндамасында М.Г. Джаммаринаро «қазіргі кезде әртүрлі жастағы адам саудасынан құтылған бірде-бір мемлекет, өңір жоқ» деп көрсетті [25].

XV ғасырдың ортасында адам саудасының ең көп тарауы Еуропаға алғаш рет африкалық-құлдарды әкелген кездер болған. Аталған қылмысты жою үшін қажетті шаралар тек XIX ғасырда қабылданды [26].

Адам саудасына, сондай-ақ балаларға қарсы күресті одан әрі дамыту құлдықты жаппай жоюмен байланысты.

Халықаралық Еңбек ұйымының «Еркін серуен» қорының Халықаралық миграция Ұйымымен бірлесіп жүргізген зерттеулері бойынша, 40 млн адам заманауи құлдықтың оның ішінде 25 млн мәжбүрлі еңбектің, 15 млн мәжбүрлі некелесудің құрбандары болған, демек адам саудасының масштабы мен деңгейінің жоғары болғандығын сипаттайды [27].

Осы ретте халықаралық қоғамдастықтың ерекше назарына әйелдер мен кәмелетке толмағандар саудасына қарсы іс –қимыл. Алғашқы әйелдер мен кәмелетке толғандарды сатуға халықаралық күрес конгресі 1899 жылы Лонданда өтті [28].

Әлемдік қоғамдастықтың бұл мәселені қабылдауының оң үрдісі 1921 жылы әйелдер мен кәмелетке толмағандардың саудасына қарсы күрес жөніндегі

халықаралық конвенция қабылданған, бұл конвенцияда барлық мемлекеттерге жезөкшелікпен айналысуға, әйелдер мен балаларды саудаға салуды тиым салып, жауаптылыққа тартуды міндеттеді.

Адамдарды өз мақсаттарында пайдалану үшін азғырып көндіру, шет елге шығару және транзит секілді қылмыстардың түрлерімен күрес халықаралық деңгейде бірлеспей жүзеге асыру мүмкін емес, сол себепті бұл проблемаларды нормативтік реттелуін елдердің адамдар трафигін жою мақсатында өзара іс – қимылын қарау өте маңызды.

Аталған проблеманы шешудің маңызды кезеңі 1926 жылы Ұлттар Лигасының басшылығымен «кұлдық» туралы конвенция қабылданды. Оны 38 мемлекет, соның ішінде Кеңес Одағы мақұлдап, қол қойды. Бұл Конвенциялардың тұңғышы еді.

Осыдан кейін 1930 жылы «мәжбүрлі еңбек туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының Конвенциясы қабылданып, «мәжбүрлі еңбек» ұғымына түсінік берілді. Одан кейін адам құқығының Жалпы декларациясы қабылданып, «Ешкім құлдықта және құлдық жағдайда болуға тиіс емес және құл сатудың барлық түрлеріне тиым салынады» делінген [29, 311].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 4-бабында ешкім құл болуы тиіс емес және құл саудасының барлық түрлеріне тыйым салынады.

Құқықтарды қамтамасыз етудегі ең жаңа кезең кәмелетке толмағандарды 1959 жылы қабылданған баланың құқықтары туралы Декларация, ол кәмелетке толмаған адам кез-келген нысанда сауда объектісі болуға міндетті емес деп жариялады.

Бала құқықтары Конвенция 1989 жылы императивті құжат болып кәмелетке толмағандардың құқықтарын бекітті. Аталған Конвенцияны Қазақстан Республикасы 1994 жылы ратификацияданды. Осы Конвенцияның 35-бабында қатысушы мемлекеттер балаларды ұрлау, бала саудасына немесе балаларды кез келген мақсатпен және кез келген түрде контрабандалау

әрекеттеріне жол бермеу үшін ұлттық, екі жақты және көп жақты деңгейде шаралар қолданатынын көрсеткен [30].

БҰҰ-ның есебі бойынша адам саудасы бойынша ұйымдасқан қылмыстық топтар жыл сайын 3,5 млрд АҚШ доллар көлемінде пайда табатынын жеткізді. Соның ішінде жыл сайын миллионға жуық әйелдер мен балалар бұл қылмыстың құрбанына айналады екен [31].

Қазіргі уақытта барлық мемлекеттерге аталған қылмыс санатының мазмұнын ашатын және онымен күресуге бағыт беретін заманауи және негізгі құжат ол - Бас Ассамблеяның 2000 жылғы 15 қарашадағы 55/25 қарарымен қабылданған БҰҰ Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу және жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттамасы.

Аталған Конвенция «адам сатудың алдын алу» «әйелдер мен балалар саудасымен күрес», «заңсыз теңіз, құрлық, ауа кеңістіктері арқылы мигранттарды тасымалдауға қарсы» қатысты қолданатын ұғымдар:

Тарту (вербовка) – жалдау, белгілі бір қызметке тарту немесе белгілі бір іске жинау, азғырып көндіру, соның ішінде құқыққа қайшы;

Жөнелткен мемлекет – адам саудасының құрбандарын қандай да бір қызметпен айналысу үшін, тарту жүргізілетін және адам саудасының құрбандарын тасымалдауын жүзеге асыратын мемлекет;

Белгіленген мемлекет – адам саудасының құрбандарын эксплуатациялау немесе мәжбүрлі жұмыстарға тарту әрекеттері жүргізілетін мемлекет;

Борыш тәуелділік – қарызды өтеу үшін, өз жеке еңбегін кепілге беру нәтижесінде пайда болатын жағдай (егер орындалатын жұмыс үшін белгілі бір баға қарыздың өтелуіне есептелінбесе немесе егер жұмыстың ұзақтылығы мерзімсіз болса, немесе сипаты анықталмаған болса);

Транзиттік мемлекет – осы мемлекеттің территориясы арқылы адам саудасының құрбандарын тасымалдауы жүргізілетін мемлекет;

Адам саудасының құрбаны (адам саудасында құрбан болған тұлға) келісімі бар жоғына қарамастан, қандай да бір қызметке тартылған, тасымалданған, сатылған, берілген (ұсынылған) тұлға;

Еріксіз күй – мұндай қызметке келісім бермесе де тұлғаның кез-келген жұмыспен айналысуы немесе зорлық қорқыту арқылы оны кез-келген қызмет көрсетуге тарту. Адам саудасымен күресу – адам сатудың алдын алу, жою, пайда болуына қарсы әрекеттер жасау, адам саудасының құрбандарына көмек көрсету;

Құлдық – жеке меншік құқығына қатысты кейбір немесе барлық құқықтық әрекеттерді тұлға жағдайына қолдану;

Бала – он сегіз жасқа толмаған тұлға;

Адам саудасы – эксплуатациялау мақсатында қандай да бір қызметке тарту, тасымалдау, басқа біреуге беру, жасыру немесе зорлық, қорқыту арқылы қызметке тарту, азғырып көндіру, ұрлау, сатып алу, алаяқтық, құқыққа қайшы әрекеттер;

Адам саудагері – адамды сату ұғымына қатысты кез-келген әрекеттермен айналысатын жеке тұлға, заңды тұлға немесе ұйымдасқан топтық тұлғалар;

Бопса (шантаж) – адам саудасының құрбандарын немесе оның туыстарын масқаралайтын мағлұматтарды таратамын деп әшкерлеп қорқыту;

Эксплуатация – мәжбүрлі еңбек немесе қызмет, құлдық немесе құлдыққа ұқсас әдет, еріксіз жағдай және адам мүшелерін алу тұлғаларды жезөкшелік қызметке немесе басқа да жыныстық сипатқа ие әрекеттерге эксплуатациялау [32, 102-105бб].

Пайда табу мақсатымен эксплуатациялау мынандай түрлерге бөлінеді:

- адамның физиологиялық параметрлерін эксплуатациялау-трансплатациялау (донорлық күштеу) үшін адам мүшелерін алу, сурогаттық ана мақсатында әйелді қолдану, жаңа ұрықтың клеткаларын алу мақсатында күштеп жүктілікті тоқтату;

- күнделікті тұрмыста (үй және күнделікті тұрмыста) қызмет көрсету, өндірісте, ауыл шаруашылық жұмыстарда, қылмыстық бизнестерде қарулы күштердің құрылуына қатысу, заңсыз өнімдерді шығару, заңсыз қызметтерді көрсету мақсатында еңбекті эксплуатациялау;

- жыныстық сипатқа ие қызметтермен айналысу үшін тұлғаны эксплуатациялау. Нақты бір істі адам саудасына жатқызу үшін, егер эксплуатациялаудың жоғарыда көрсетілген кез-келген нысаны қолданылатын болса, адам саудагерінің және оның сыбайластарының адам саудасының құрбанының келісімі болса да ескерілмей, әрекеттеріне ақталуына негіз бола алмайды.

Нақты әрекеттерді адам саудасына жатқызу үшін мынандай белгілері болуы тиіс:

- физикалық, психикалық немесе экономикалық зорлық-зомбылық, қорқыту, қауіп-қатерлерді қолдану;

- адам саудасының құрбаны болған тұлғаның, оның жеке басын куәландыратын құжаттарын тартып алу;

- борыш тәуелділікке еліктіру;

- еңбекке мәжбүрлеу;

- еркін қозғалу құқығына шек қою;

- алдау және сенімді теріс пайдалану;

- тұлғаны құқықсыз және қоғамға қайшы әрекеттерге тарту;

- бала асырап алу, қамқорға алу немесе некеге отыруға қатысты тұлғаның тәуелді жағдайын қолдану;

- адамға қауіпті, әсерлі есірткі, алкогольдық ішімдіктер мен медициналық құралдарды, құқыққа, қоғамға қайшы қызметтерге тарту үшін қолдану.

Адам саудасымен күресу әрекеттері мынандай мақсатта жүргізіледі:

- адам саудасының қандай да болмасын түрінен мемлекетті, қоғамды, жеке тұлғаны қорғау;

- адам саудасының алдын алу, пайда болған жағдайда салдарын азайту, жою. Бұл мақсаттарға жету үшін:

- адам саудасының пайда болу салдары, ондай қызметпен айналысуға түрткі болған жағдайларды анықтау, оларды жою үшін шаралар қолдану;
- халық пен жеке тұлғаларды адам саудасының құрбаны болу тәуекелдігін болдырмау, азайту;
- адам саудасының құрбандарын құқықтық және әлеуметтік реабилитациялау.

Адам саудасымен күресу әрекеттері мынандай қағидаларға негізделеді:

- құрбандарын дискриминациялау;
- саудагерлерін жазалау;
- құрбанына адамша қарау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- адам саудасымен күресу әрекеттерін, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау нысаны ретінде қарастыру;
- қоғамдық бірлестіктер, ұйымдармен ынтымақтасу.

Саудаға түскен құрбандарға жәрдем және қолдау көрсету орталықтары:

оларға түсінікті тілде, сауданың құрбандарының мүдделерін қорғайтын әкімшілік және сот процедуралары туралы ақпарат беру;

психологиялық және медициналық көмек көрсету;

саудаға түскен құрбандар отбасына, қоғамға реинтеграциялануына жағдай жасау;

Адам саудасының құрбандарына уақытша тұру үшін баспана беру.

Бұл қылмыс түрінің құрбанына уақытша тұру баспанасы – тұру жағдайын жасау, тамақ, дәрі-дәрмекпен, медициналық, психиатриялық, әлеуметтік, юридикалық көмек көрсету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және отбасы, туыстарымен байланыстыруға жағдай жасау мақсаттарында құрылады.

Әлеуметтік қызметке - жәбірленушілерге жан-жақты көмек көрсету және қолдау бойынша әрекеттер.

Әлеуметтік қызметтер стандарттары – көрсетілген әлеуметтік қызметті ұсыну формасы.

Адам саудасына, оның ішінде әйелдер мен кәмелетке толмағандар саудасына мемлекеттік атқарушы органдар, ведомстволық комиссиялар, орталықтар жағынан өздерінің құзыреті бойынша жәрдемдесу қажет. Құрбандардың өміріне қауіп төндіретін ақпараттарды таратуға тыйым салынады. Бұл ретте адам саудасының құрбаны бала болып табылған жағдайда, Конвенцияда берілген бала мүддесін қорғайтын қажетті шараларды қолдану қажет. Сауда құрбанына ұшыраған бала білім беру заңына сәйкес, мемлекеттік білім беру мекемелеріне қатысу мүмкіндікпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Құрбандыққа салынған баланың ата-анасы болмаған жағдайда немесе олардың адам саудасының құрбанына ұшырағандығын білмесе, онда ата-аналарын, я болмаса заңды қамқоршысын тауып, іздестіру шараларын жүргізу қажет [33, 52-53бб].

Шагинян И.Д. пікірінше балалар мен жасөспірімділердің жыныстық пайдалану мақсатында саудалауға ұшыраудың түрлеріне «таныс емес тұлға саудагерінің алдауы, таныс саудагерінің» алдауы, дос саудагерінің» алдау, көңілдес саудагерінің» алдауы, жұмыс беруші саудагерінің алдауы, ата-анасының, жанұяның басқа мүшелерінің баланы жыныстық қатынасқа сатуы, бөтен тұлғалардың ұрлап алуы және жыныстық құлдыққа сатып жіберуі, қыздығын (қыздық пердесін) сату мақсатымен сатылуы» [34, 58б].

Дегенмен ЮНИСЕФ ақпаратына сәйкес жыныстық сипаттағы саудаларға балаларды пайдалануға БҰҰ-ның әйелдердің және балалардың саудаларының алдын алу мен тоқтату және оның жазасы туралы Хаттамасы, жасөспірімдер саудасы мен жезөкшелілігіне БҰҰ Конвенциясымен тыйым салынғанына қарамастан, кәмелетке толмаған 2 млн бала дүниежүзінде коммерциялық жыныстық қатынас саудасының құрбанына айналады. Бұл жыныстық пайдалану мақсатындағы балалар саудасы қатері төмен және табысы көп криминалды

бизнес екендігін аңғартудаі. Сонымен қатар, балалар саудасы оларды жыныстық қанау мақсатында жүзеге асырылатын және балаларды еңбекпен қанау, үй шарушылығында пайдалану мене қайыр сұрату үшін жүзеге асырылады [35, 386].

Бұл қылмыстың қауіптілік жағдайы өте жоғары, оған бір ғана мемлекеттің қарсы тұруына күші жетпейді. Сол себепті осы қылмыспен күресуді халықаралық ынтымақтастықты күшейте түсу бағытында жұмыстарды әрі қарай жүзеге асыра беру қажет.

ЮНИСЕФ-тің, АҚШ-тың халықаралық даму агенттігінің, Норвегияның Сыртқы істер министрлігінің және Халықаралық көші-қон ұйымының қолдауымен Қазақстанның 7 қалаларындағы балалардың осал санаттары туралы осы жан-жақты зерттеуінің өткізілуін алға тартты [36, 646].

Кәмелетке толмағандар саудасы трансұлттық және ұйымдасқан сипатта кездесуі халықаралық шарттардың қолданылуы аса маңызға ие.

Адам саудасы, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қарасты халықаралық құжаттар:

- 1949 жылғы «Адам саудасымен және үшінші жақтардың жезөкшелікті Қанауымен күрес туралы Конвенция»;
- 1956 жылғы «Құлдық, құл саудасы және құлдыққа ұқсас әдеттер мен институттарды жою туралы Қосымша Конвенция»;
- 1979 жылғы «әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрін жою туралы Конвенция»;
- 1965 жылғы «нәсілдік кемсітудің барлық түрін жою жөніндегі Конвенция»;
- 1989 жылғы «Бала құқықтары туралы Конвенция»;
- 1979 жылғы «жұмысбастылыққа ықпал ету және жұмыссыздықтан қорғау туралы Конвенция»;
- 2000 жылғы «бала порнаграфиясы, бала жезөкшелігі, бала саудасына

қатысты Бала құқығы туралы Конвенцияға Қосымша Хаттама»;

- 2000 жылғы «БҰҰ ТрансҰлттық Ұйымдасқан Қылмыстылыққа қарсы күресу туралы Конвенция»;

- 2000 жылғы «Адам саудасы, оның ішінде әйелдер мен балалар саудасын алдын алу, жою және жазалау туралы ТрансҰлттық Ұйымдасқан Қылмыстылыққа қарсы күресу туралы Конвенцияға Қосымша Хаттама»;

- 2000 жылғы «Заңсыз мигранттарды құрлық, теңіз, ауа кеңістіктерінде тасымалдауға қарсы ТрансҰлттық Ұйымдасқан Қылмыстылыққа қарсы күресу туралы Конвенцияға Қосымша Хаттама»;

Халықаралық Еңбек Ұйымының «Бала еңбегінің қауіпті түрін жою туралы Конвенция» [37, 53-55б].

Дегенмен еліміздің тәуелсіздік алғаннан бері біраз маңызды құжаттардың ратификацияланған, атап айтқанда:

1. 1926 жылғы «Құлдық туралы Конвенция» (2008ж. ҚР Заңы);

2. 1979 жылғы «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенция» (ҚР бұл Конвенцияға 29.06,1998ж, №248-1 Заңына сәйкес қосылды);

3. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы (2000 жылғы 6 қыркүйек, Нью-Йорк қаласы), ҚР 2001 жылғы 4 шілде N 220-II Заңымен ратификацияланған;

4. Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы Конвенция (Нью-Йорк қ., 1950 жылғы 21 наурыз), ҚР 2005 жылғы 14 желтоқсандағы N 100 Заңымен ратификацияланған;

5. Мәжбүрлі еңбекті жою туралы № 105 Конвенция (Женева қ., 1957 ж. 25 маусым), ҚР 2000 жылғы 14 желтоқсан N 117-II Заңымен ратификацияланған.

6. Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция (БҰҰ Бас Ассамблеясының 1952 жылғы 20 желтоқсандағы 640 (ҮІІ)), ҚР Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 18-ІІ;

7. Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенция (1957 жылғы 20 ақпан, Нью-Йорк қаласы), ҚР 1999 жылғы 30 желтоқсан N 19-ІІ Заңы;

8. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті (Нью-Йоркте 1966 жылғы 16 желтоқсан), ҚР 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы;

9. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (Нью-Йорк, 1966ж. 16 желтоқсан), ҚР 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы;

10. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге факультативтік хаттама (БҰҰ 1966ж. 16 желтоқсан), ҚР 2009 жылғы 11 ақпандағы 130-ІV Заңы;

11. Бала құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989ж.), ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы;

12. Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияның факультативтік Хаттамасы (Нью-Йорк қ. 2000 жылғы 6 қыркүйек), ҚР 2001 жылғы 4 шілде N 219-ІІ Заңы;

13. Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама БҰҰ қабылданған), Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы N 37-ІV Заңы;

14. Құлдық туралы Конвенция (Женева, 1926ж. 25 қыркүйек) 1926ж. 25 қыркүйектегі Құлдық туралы конвенцияны, 1953ж. 7 желтоқсандағы Құлдық туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы және 1956ж. 7 қыркүйектегі Құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен

әдет-ғұрыптарды жою туралы қосымша конвенцияны ратификациялау туралы ҚР 2008ж. 5 ақпандағы N 19-IV Заңы;

15. Мәжбүрлі еңбекті жою туралы №105 Конвенция (Женева қ., 1957 ж. 25 маусым), ҚР 2000 жылғы 14 желтоқсан N 117-II Заңы;

16. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенциясы, ҚР 1998 жылғы 29 маусым қаулысы;

17. Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы (Женевада 1999 жылғы 17 маусым), ҚР Заңы. 2002 жылғы 26 желтоқсан N 367-II;

18. Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция (1993 жылғы 29 мамырда Гаагада қабылданған), ҚР 2010 жылғы 12 наурыздығы № 253-IV Заңы;

19. Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 87-сессиясында қабылданған Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенция (182-конвенция) (Женевада 1999 жылғы 17 маусым), ҚР 26 желтоқсан 2002 жылғы N 367-II Заңы;

20. Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Мигранттарды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкелуге қарсы хаттама (Нью-Йоркте 2000 жылғы 15 қарашада қабылданған), ҚР 2008 жылғы 4 маусымдағы N 38-IV Заңы;

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен жасаған келісімдер:

- ҚР және Халықаралық Көші-Қон Ұйымы арасында миграция саласында ынтымақтасу туралы келісім;

- ҚР және Литва Республикасы арасында ұйымдасқан қылмыстық, есірткі және психотроптық заттарды заңсыз айналысқа салу лаңкестік және т.б. қылмыстар түрімен күресу туралы келісім (19 қазан 2000 жыл);

- ҚР және Германия Федеративтік республикасы арасында ұйымдасқан қылмыстық, лаңкестік және т.б. қауіпті қылмыстар түрімен күресуде ынтымақтасу туралы келісім (4 сәуір 1997 жыл);

- ҚР Үкіметі мен Польша Үкіметінің арасында ұйымдасқан қылмыстылық және басқа да қылмыстар түрімен күресуде ынтымақтасу туралы келісім (24 мамыр 2002 жыл);

- ҚР Үкіметі мен Монғолстан Үкіметінің арасында еңбек шарты бойынша Монғолстан және Қазақстан азаматтарын жұмысқа тартуда ынтымақтасу туралы келісім (2 желтоқсан 1994 жыл).

Шет ел мемлекеттерінің кәмелетке толмағандар саудасына қылмыстық-құқықтық шараларына көз жүгіртсек олардың жазалау тәртібі мен жауаптылық мөлшерімен ерекшеленеді.

Данияның қылмыстық кодексі бойынша адам заңсыз пайдалану, оған күш қолдану, еркінен тыс істегісі келмейтін әрекеттерді заңсыз мәжбүрлеген және айыппұл немесе екі жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген [38, 185б].

Италияның ҚК-нің 600-бабында мәжбүрлі түрде еңбекке тартқан кінәлі тұлғаны 8 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығына айыруға жазаланады деп бекітті. Аталған қылмыс санатының кәмелетке толмаған адамдарға қатысты алдау немесе билікті асыра пайдалану, жыныстық қанаушылық, жезөкшелік, органдарды алып тастау мақсатында жасалған болса, жазалау шарасы жаза елу пайызға дейін артқан.

Италия ҚК-нің 601-бабында адам саудасы немесе бұл қылмысқа алдау арқылы немесе зорлық-зомбылық, қорқыту, билікті асыра пайдалану, жеке немесе психикалық тәуелділік пен кедейліктен, ұлттық аймаққа, тұрғылықты жеріне, жүріп-тұру көшу процесіндегі тұлғаларға қаражат беру жолдарымен жасалса, ол бойынша сегіз жылдан 20 жылға жуық жазаланған. Бұл қылмыстар кәмелетке толмағандарға, жыныстық қанаушылыққа, жезөкшелікке, органдарды

алып тастауға қатысты жасалған жағдайда жаза үштен бірінен елу пайызға дейін ұлғаятын [39].

Жоғарыдағыларды қарастыра келе Қазақстан мемлкетімен халықаралық құжаттарды ратификациялау арқылы адам саудасы, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасымен күресуге бағытталған негізгі шаралар жүзеге асырылуда. Келесі қадамымыз ұлттық заңнама нормаларына осы халықаралық актілерде, құжаттарда көзделген заңдылықтарды сәйкестендіру қажет.

Шет елдің қылмыстық кодексін салыстырып қарағанда қолданыстағы ҚР ҚК кәмелетке толмағандар саудасына қатысты қылмыстық-құқықтық нормаларының аса қатты айырмашылығы жоқ, тек қана кейбір жағдайларда жаза тағайындау барысындағы жауаптылық мөлшерінің көлемімен ерекшеленеді.

2. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР САУДАСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САРАЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

2.1. Кәмелетке толмағандар саудасының объективті белгілері

Кәмелетке толмағандардың саудасын зерделей келе қалыптасқан заңнамаға сәйкес объект - қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

Қылмыс санатының негізгі объектісі - бұл жеке тұлға, түрлік объектісі - отбасының оң жұмыс істеуіне, кәмелетке толмағандардың жақсы моральдық және физикалық дамуына жағдай жасайтын қарым-қатынастар [40, 64-бет].

Сонымен қатар тікелей объект ретінде - бұл кәмелетке толмағандардың адамгершілігі мен денесінің, олардың бостандығының, қол сұғылмаушылығының және жалпыадамзаттық құндылықтарының жақсы дамуын қамтамасыз ететін, баланың заттар ретінде ықпалынан зардап шекпейтін әлеуметтік қатынастар.

Кәмелетке толмағандар саудасының нысандары туралы сөз болғанда, кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығы қосымша объектілер болып табылады. Қолсұғылмаушылық және жыныстық еркіндік кәмелетке толмағандардың жыныстық актілер жасау үшін саудасының қосымша объектісі ретінде болады.

Бұл құқық бұзушылықтың факультативті объектілері - мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының беделі, сондай-ақ мемлекеттік шекараның қол сұғылмауы, отбасының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қатынастар.

Кәмелетке толмағандардың жеке бостандықтары мен оған қол сұғылмаушылығын қорғаудың ерекше талаптары ҚР Конституциясында бекітілген.

Бұл қылмыстың құрбандары 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар болып табылады, олар кәмелетке толмағандардың денсаулық жағдайына және қоғаммен қарым-қатынас деңгейіне қарамастан сатып алу-сату немесе иемдену және беру шартының басқа нысандарын белгілейді.

И.Ш. Борчашвилидің пікірінше «ҚР ҚК ресми түсіндірмесінде, кәмелетке толмағандарды саудаға салу қылмысының объективті жағын заң шығарушы кәмелетке толмағанға қатысты сатып алу-сату немесе басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты оны пайдалану немесе жалдау, тасымалдау, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында басқа да әрекеттерді жасау туралы диспозицияда айтады» [41].

Сатып алу – кәмелетке толмағанды ақыға уақытша немесе тұрақты иеленуге, бұл жағдайда екінші жақ оны сататын мәмілені түсіну қажет.

Сол сияқты И.Ш. Борчашвилидің пікірінше «басқа мәмілелер міндетті белгіні – жазаны өтеуді, яғни кәмелетке толмаған адамды бір адамның өзіне қызмет көрсететін немесе басқа қоғамға қарсы мақсатпен басқасына тапсыруын қамтиды» [41].

Сол сияқты оның ойынша «Төлем тек ақша ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмағандарға беру немесе иемдену түрінде кез-келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасау болуы мүмкін. Бұл-басқа кәмелетке толмағанға айырбастау, қандай да бір затқа айырбастау, сыйға тарту, кепілге беру, борышты «өтеу» есебіне қайтару және т. б. Мысалы, материалдық сипаттағы қызметтің орнына кәмелетке толмағанды сатып алу, оның ата-анасының не заңды өкілдерінің немесе туыстарының бөтен адамдарға сыйға тартуы, кәмелетке толмағандарды аталған адамдар арасында айырбастау, оларды кепіл ретінде пайдалану, кәмелетке толмағанды қандай да бір пайдалану үшін, заңсыз жолмен ақша табу үшін – қаңғыбастық, жезөкшелік, еркек және» т. б. [41].

ҚК-нің 125-бабына ескертудің 2-тармағына сәйкес алынған табыстарды беру мақсатында мәжбүрлі еңбекті пайдалану, басқа адамның жезөкшелікпен

айналысуы немесе ол көрсететін өзге де қызметтер, сол сияқты өзіне байланысты емес себептер бойынша жұмыстарды немесе қызметтерді орындаудан бас тарта алмайтын адамға қатысты меншік иесінің өкілеттіктерін жүзеге асыруы пайдалану деп түсініледі.

И.Ш. Борчашвилидің пікірінше «жалдау дегеніміз - белгілі бір іс-әрекетке адамдарды іздеу, шақыру, тарту, жалдау. Бұл ретте жәбірленуші жұмыстың сипатына, еңбек жағдайларына, жалақыға және т.б. қатысты жаңылыстырады. Кәмелетке толмаған адамды шетелге әкетуді қоспағанда, оны бір елді мекеннен екінші елді мекенге (бір ауданда, бір облыста немесе жалпы Қазақстан бойынша) тасымалдау деп түсіну керек, өйткені мұндай жағдайларда кінәлінің әрекеттері ҚК-нің 135-бабының 3-бөлігінің белгілеріне жатады. Беру деп - кінәлі адамның кәмелетке толмаған адамды белгілі бір уақытқа ақылы немесе өтеусіз нысанда берудегі оны пайдалану мақсатында жасалатын әрекеттері түсініледі. Жасыру, оны пайдалану үшін жасалған, кәмелетке толмаған адамның алдын-ала жарияланбаған жасыруында көрінетін белсенді әрекеттермен сипатталады. Бұған оларға баспана, жүріп-тұру құралдарын беру, жалған құжаттармен жабдықтау, сыртқы келбетін өзгертуге көмек көрсету және т.б. жағдайлар жатады, бұл ретте кәмелетке толмаған адамды алдын ала уәде етіп жасыру қылмысқа жәрдемдесу түрінде қатысу» [41].

«Қылмыс ақшаны немесе кәмелетке толмаған адамды алған сәттен бастап, тіпті егер кінәлі оны мақсатына сай пайдалануға үлгермесе немесе кез-келген мәміле жасалған сәттен бастап аяқталған болып саналады (мысалы, жалдау туралы келісімге, еңбек келісіміне қол қойылды, жәбірленушінің құжаттары «жұмысқа орналастыру» компаниясына берілді), кәмелетке толмағанға қатысты қарастырылған норманың диспозициясында бекітілген. Сонымен қатар, жауапкершілік кәмелетке толмаған баланы сататын адамдар үшін де, оны сатып алатындар үшін де туындайды» [41].

«Кәмелетке толмағандар саудасына ақылы төлем ретінде ақша, мүлік (қозғалатын және қозғалмайтын), белгілі бір есеп және қарызын қайтару мен қызметтерді жасау саналады. Заты ретінде санауға әртүлі мүлік, сол сияқты мүліктің өзге формалары (саяхаттар, іс-сапарларды ұйымдастыру, үйді жөндеу жұмыстары т.б.) қарастыруға болады. Бұл жағдайда әртүрлі көрсетілген іс-қимылдар арқылы, арзан немесе төмендетілген бағамен жолымен, ақшалай қарыздарды жабу жолымен алынады» [42, 93 б.].

Х.М. Ахметшиннің пікірінше кәмелетке толмағандарды иемдену мен беру нысанындағы өзге келісімдерге «кәмелетке толмағанды өзге тұлғаға қандайда бір қоғамға қарсы іс-қимылдарға қолдану үшін, дене мүшесі органдарын алу үшін беру немесе иемдену және шет елге шығару мақсатында алуды» сипаттаған. Беру мен иемдену мақсатында басқа келісімдерге құқықтық терминология мен ғалым-заңгерлердің пікірінше мыналарды жатқызуға болады:

- алмастыру – тараптар келісімі бойынша кәмелетке толмағанды өзара келісім бойынша алмастыру жүргізіледі. Сонымен қатар бір жаққа тауар ретінде кәмелетке толмаған болып табылатын келісім. Оған кәмелетке толмағанды көлікке немесе өзге де заттарға алмастыруы.

- сыйлау – бір жақ (сыйлаушы немесе сыйға тартушы) ақысыз екінші жаққа кәмелетке толмаған баланы оны басқаруына және өзінің қалауы бойынша тағдырын шешуіне заңсыз иемденуге береді.

- «баланы жалдамаға беру, алу – бір жақ (жалға беруші) екінші жаққа (жалдаушыға) кәмелетке толмаған баланы ақылы түрде уақытша иемденуге және қолдануға береді» [43, 48 б.].

Қылмыстық-құқықтық норманың мағынасынан кәмелетке толмаған адамды, яғни 14-тен 18 жасқа дейінгі адамды жәбірленуші ретінде тану керек екендігі туындайды [1].

Кәмелетке толмағандар арасындағы сауда қылмысының объективті аспектісі күрделі:

а) кәмелетке толмағандарды сатып алу-сату немесе оларды беру немесе иеленуге кірісу нысанында кәмелетке толмағандармен басқа да әрекеттер;

б) кәмелетке толмағандарды сатып алу-сату немесе оларды беру немесе иеленуге кірісу нысанында кәмелетке толмағандармен басқа да мәмілелер, :

- бірнеше рет,

- екі немесе одан да көп кәмелетке толмағандар,

- қасақана адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ,

- өзінің қызметтік жағдайын пайдаланатын адам,

- кәмелетке толмаған адамның мүлкін ҚР-нан тыс жерде заңсыз тасымалдаумен немесе кандидаттың нұсқаулығында заңсыз айналыммен,

- кәмелетке толмаған адамды құқық бұзушылық жасауға немесе басқа да қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға итермелеу мақсатында;

- транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін кәмелетке толмағандардың ағзаларын немесе тіндерін алып қою.

Бұл баптың диспозициясы балама болып табылады. Қылмыстың аяқталуы болып ҚК-нің 135-бабының 1 немесе 2-бөлігінде көрсетілген әрекеттердің бірі жеткілікті.

Аталған қылмыс санатының 135-бабының 3-бөлігі материалдық құрамды қамтиды.

Мәміленің нақты жасалғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайды.

Қылмыстың аяқталуы ҚР Қылмыстық кодексінің 135-бабының 3-бөлігінде аталған салдардың басталуы сәтінен болады

Бұл қылмыстың ең сорақысы кәмелетке толмағанның өліміне немесе басқа да ауыр зардаптарға әкеп соғуы (4-бабы).

Сатып алу-сату мәміле жасау кезіндегідей жәбірленушінің өліміне әкелуі мүмкін (мысалы, оны қылмыс орнына әкетуге барысында кәмелетке толмаған адамның аузын аузымен жабу арқылы немесе дәрі-дәрмектермен қолдану кезінде физиклық тұрғыда организмнің әлсіздігі салдарынан көз жұмуы), сол

сияқты кәмелетке толмаған адамның белгілі бір ағзаларын алған салдары.

Сондай-ақ, кәмелетке толмаған адамның қамауда ұстаудың нашар жағдайына байланысты қайтыс болуы немесе қылмыс кезінде оның қайтыс болуы.

Басқа ауыр зардаптар, атап айтқанда, кәмелетке толмағандармен сауда жасау нәтижесінде кәмелетке толмағанның немесе оның туыстарының өзін-өзі өлтіруі, кәмелетке толмағанның психикалық денсаулығы және басқалар болуы мүмкін.

Қылмыстық Кодекстің 135-бабы кәмелетке толмағандардың саудасаттығын мүлікті беру немесе иелену нысанында айқындайды.

Тасымалдау дегеніміз-объектінің бір жағынан екінші жағына ауысуы. Біздің жағдайда, бұл сатушы мен сатып алушы арасындағы беру қатынастары.

Өкінішке орай, кәмелетке толмағандарды сату фактілері орын алуда. Мәселен, 2020 жылы қыздарды, оның ішінде біздің елден шетелге сатудың қылмыстық схемасы белгіленді. Бахрейнде әртүрлі елдерден қыздарды, соның ішінде қазақстандық қыздарды жеңіл табысқа, қонақ үйлерде қоғамдық тамақтану саласында жұмысқа шақыратын қылмыстық топ болған, олар қыздардың келген бойда сәйкестендіру құжаттарын алып, 2 млн.-нан 6 млн теңгеге дейін жыныстық қызметтер көрсетуге немесе жыныстық құлдыққа сатуға мәжбүрледі [44].

Бұл мысалда кәмелетке толмағандарға қатысты сату және сатып алу түрінде іс-әрекет жасалатыны, олардың құқықтары мен бостандықтары бұзылатыны, сондай-ақ кәмелетке толмағандар осы немесе басқа да осындай фактілерге өздерінің тағдырын өзгертуге және қандай да бір жолмен қарсылық білдіруге қабілетсіз.

Сауда фактісін саралау кезінде объективті жағын ерекше назар аударуды талап ететін жәбірленушілер – жаңа туған балалар немесе жас балалар. Олардың даму ерекшеліктеріне байланысты мұндай адамдар толығымен қорғансыз және

қылмыскерлердің сату немесе сатып алу кезінде қауіп төндіретін дәрежесін олар түсінбейді.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта жас балалар мен жаңа туған балаларды сату жағдайлары жиілеп кетті. Мысалы, Қызылорда қаласында тұратын әйел делдалдардың көмегіне жүгініп, бала асырап алғаны туралы былай жеткізді: «Балалар үйінде бала жоқ. Онда сіз ешқашан таба алмайсыз. Олар делдалдардың, перзентханалардың қолында. Біз өте арзан — 500 мың теңгеге сатып алдық. Олардың айтуынша бұл бизнес», - деген. Бұл факт, біздің ойымызша, кәмелетке толмаған баланы «сатып алу» ретінде саралануы керек [45].

Жаңа туған баланы «сатудың» айқын көрінісі 2016 жылы ҚР ОҚО-да нәрестені 6.000 (алты мың) долларға сатқаны үшін перинаталдық орталықтың қызметкерлері 8 жылға бас бостандығынан айыруға сотталды. Осыған ұқсас жағдай Алматы облысында 2015 жылдың соңында анықталды, онда тергеу жүргізу арқылы жаңа туған нәрестелерді сатудың қылмыстық схемасы ашылды, ол келесідей әрекет етті: көп салалы аурухананың перзентханасында оның қызметкерлері нәрестелерді «сату» қылмыстық тобын ұйымдастырып, басқарды және 8 жыл ішінде 22-ге жуық жаңа туған нәресте сатылған.

Олар мұндай «сатуларды» келесідей жүзеге асырды – медицина қызметкерлері аналарды өздерінің материалдық және әлеуметтік жағдайына сілтеме жасай отырып, жаңа туған балаларынан бас тарту керек деп сендірді, содан кейін олар ана болғысы келетін және бола алатын басқа адамдарға сатуды жүзеге асырды. Ал, баланың жалпы құны 150.000 теңгеден 6.000 долларға дейін құрады [46].

Мысалы, 2020 жылы Алматы қаласының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен азаматша Садыкова өзінің 1 айлық баласын 400 мың теңгеге сатқаны үшін ҚР ҚК-нің 135-бабының 2-бөлігінің 12-тармағымен (кәмелетке толмағандар саудасы көрінеу

белгілі кәмелетке толмаған адамға қатысты) 6 жыл 8 айға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға тартылды. Атап айтқанда соттың үкіміне назар аударсақ:

2019 жылдың 26 тамызында сотталушы Садықова «Нариманнан» некесіз, биологиялық әкесі бас тартқан Садықов И. дүниеге әкелді. Осы уақыт аралығында сотталушы Садықова өзінің жақындарымен ұзақ уақыт бойы қарым-қатынаста болмаған және олардан қандай – да бір қолдау ала алмаған, кәмелетке толмағандармен сауда жасауға бағытталған тікелей қылмыстық ниет пайда болды-атап айтқанда, өзінің кәмелетке толмаған ұлы «И» Садыковқа қатысты заңсыз сатып алу-сату мәмілесін жүзеге асыру ниеті туындайды. Өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыра отырып, Садыкова өзінің кәмелетке толмаған ұлын сатып алушыны іздей бастады.

25.09.2019 жылы Садықова қылмыстық әрекетті имитациялауды Уакбаева жүзеге асырған сатып алушыны тапты, онымен кәмелетке толмаған Садыковты 400 000 теңгеге сатып алу-сату мәмілесін жасау туралы уағдаластық жасалды.

26.09.2019 жылы Садықова өзінің қылмыстық ниетін соңына дейін жеткізу мақсатында, пайдакүнемдік ниетпен, осы мәміленің анық заңсыз сипатын ұғына отырып, өзінің кәмелетке толмаған баласы «И» сатып алушыға беру және ол үшін келісілген соманы алу үшін өзінің ұлымен бірге Алматы қаласында, оны алдын ала келісім бойынша сатып алушы Уақбаев күтіп алды, ол өз кезегінде полиция қызметкерлерімен жедел бақылау сатып алуды жүзеге асыру үшін 400 000 теңге ақшамен және бейнежазба аппаратурасымен жабдықталды.

Жоғарыда көрсетілген мекен-жайда болған сотталушы Садықова өзінің кәмелетке толмаған ұлы «И» сатып алу-сату мәмілесін жасады, сатып алушыдан Уакбаевадан ұлын сатқаны үшін 400 000 теңге сомасында ақша алып, ол туралы қолхат өз қолымен жазылды.

Сол күні, сотталушы Садықова полиция қызметкерлерімен ұсталып, одан жалпы сомасы 400 000 теңге ақшалай қаражат табылып, тәркіленді.

Осылайша, сотталушы Садықова кәмелетке толмағандарға дәрменсіз жағдайдағы кәмелетке толмаған баланы сатып алу - сату саудасын жасады.

Сот талқылауында Садықова өзіне тағылған айыптың кінәсін толық

мойындап, сотқа 2017 жылы ол «Нариман» атты жігітті кездестіргенін, кейіннен жақын қарым-қатынаста болғанын көрсетті. 2019 жылдың 26 тамызында ол биологиялық әкесі бас тартқан Садыков И. атты ұл дүниге келді. Осы уақыт аралығында ол ұзақ уақыт бойы жақындарымен қарым-қатынаста болмады, ешқандай қолдау ала алмады, материалдық қиындықтарға тап болды. Оның баратын жері болмады және тұрған жалдамалы пәтердің иесі пәтерден кетуді талап етті, өйткені оған пәтер үшін ақы төлеуге жағдайы болмады. Содан кейін ол өзінің досы Альбинаға қоңырау шалып, баласымен бірге қолында баратын жері жоқ және әрі қарай не істеу керектігін білмейтініне шағымданды. Содан кейін ол оған егер ол баланы алып кетсе, ол енді оның келіскенін ешқашан көрмейтінін ескертті. Осы сөздерден кейін Садыкованың баласын сатуға дәл дайын екендігіне көз жеткізіп, оған 400 000 теңге көлемінде ақшаға сатты.

Куәгер Уақбаев сотқа 26.09.2019 жылы ол жаңа туған баланы сатып алу-сату делдалдығымен көрінетін қылмыстық әрекетті имитациялау шеңберінде Алматы қаласының полиция қызметкерлерімен бірлесіп, өзінің жаңа туған баласын, шамамен бір айлық баласын 400 000 теңгеге сатқысы келген, бұрын белгісіз болған Карина есімді қызды ұстау бойынша іс-шараға қатысқанын көрсетті теңге. Полиция қызметкерлері оған сатып алушы рөлін орындау керек екенін, полиция қызметкерлеріне көмектесуге келіскенін түсіндірді. Сағат 14:00 шамасында ол сотталушымен телефон арқылы сөйлесіп, баланы қарсы алу және сатып алу шарттары туралы алдын-ала келіскен. Шамамен сағат 22: 00-де ол полиция қызметкерлерімен кездесті, онда олар оған бейне жабдықтарын берді, олардың бірі курткаға бекітіліп, екіншісі әмиянға орнатылды. Сондай-ақ, полиция қызметкерлері оған жалпы сомасы 400 000 теңге ақшалай қаражат табыс етті. Шамамен сағат 22: 25-те ол Садыкованы үйдің ауласында кездестірді және оны пәтерге апарды, онда Садыкова оған баласын сатқанын айтты, өйткені баланы тәрбиелеуге мүмкіндігі жоқ, ата-анасы одан бас тартып, үйден қуылды. Содан кейін ол оған егер ол баланы алып кетсе, ол енді оның келіскенін ешқашан

көрмейтінін ескертті. Осы сөздерден кейін Садыкованың баласын сатуға дәл дайын екендігіне көз жеткізіп, оған 400 000 теңге көлемінде ақша сатты. Садықова оған баланы өз еркімен беріп, кетіп қалғаны туралы қолхат жазды. Сорокиннің куәгері оның туыстары мен достары Альбинаны атайтынын, өйткені оның шын есімі Юлияны ұнатпайтынын көрсетті. Достары мен таныстары оны Альбина Сұлтанова деп біледі, бірақ құжаттарын өзгертпеді.

Садықова шамамен бес жыл таныс. 2019 жылдың шілде айының басында Садықова оны Instagram әлеуметтік желісі арқылы тапты. Кездесуде ол жүктіліктің сегізінші айында екенін хабарлады және жүктілікті тоқтату үшін таблетка тауып, сатып алуды сұрады. Ол бас тартты, бірақ ол түсік жасатқысы келетіні туралы көбірек әңгіме болған жоқ. Жиырмамыншы тамызда Садықова ұл туды, оны Садыков И. деп атады және баласымен бірге баратын жер жоқ, өмір сүретін жер жоқ деп шағымдана бастады. Ол оған "ана мен бала үйінде" тұруға кеңес берді.

Садықова бұл үйге қоныстанғанын хабарлады. Бірақ ол Садықовамен сөйлескеннен белгілі болғандықтан, ол жиі жігіттермен бірге жүруге кетті, ал жаңа туған ұлын басқа аналармен бірге "ана үйінде" қалдырды.

24.09.2019 жылы таңертең Садықова оған қоңырау шалып, оны "ана мен бала үйінен" қуып шығаратынын айтты, өйткені ол өмір сүру режимін сақтамайды. Садықова баладан құтылғысы келетінін айтты, өйткені бала оның жүруіне кедергі келтіреді, тіпті оны тастай алатынын айтты. Әңгімеден кейін ол өзінің досы Асланова Гүлминаға қоңырау шалып, жағдайды түсіндірді. Асланова баланы өзіне алғысы келді, ол туралы

Садықоваға телефон арқылы хабарлады. Ол бірден келісті, бірақ бұл әйел балаға кем дегенде 100 000 теңге берсін, өйткені оның өмір сүретін жері жоқ, ол Аслановаға не туралы ант бергенін, балаға бір тиын бермейтінін, егер ананың баласы қажет болмаса, баланы алып кеткісі келетінін айтты. Біраз уақыттан кейін Асланова оған ватсапқа аудио жазба жіберді, онда оның әңгімесін естіген

директоры Ибрахим Садықованың баласын алғысы келетін ұйғыр тауып, оған телефон нөмірін жібергенін хабарлады. Олар екі сағаттан кейін 28 панфиловшылар паркінде кездесуге келісті, бірақ сол күні ол баланы тапсырмады.

26.09.2019 жылы Садықова оған қоңырау шалып, серуендеуге шақырды. Сағат 20:00 шамасында ұялы телефонға Садықоваға қоңырау келіп түсті, ол оған қалаға бару керек екенін айтты және қайтып оралуға уәде берді. Алайда, ол ұзақ уақытқа оралмады, телефон қол жетімді болмады. 28.09.2019 жылы оның ұялы телефонына инстаграмнан полиция қызметкерлері Садықовты ұстағаны туралы сілтеме келді.

Куәгер Асланова сотқа 09.06.2015 жылдан бастап "Сіогар" ЖШС-де бухгалтер болып жұмыс істейтінін көрсетті. 25.09.2019 жылы кешкі асқа жақын, ол жұмыс орнында болған кезде, оның ұялы телефонына бұрын таныс Сұлтанова Альбина қоңырау шалды, кейінірек ол Сорокина екенін білді және одан бала алғысы келетінін сұрады, немесе оның таныстарының бірі өзіне бала алғысы келеді, ол оған не туралы хабарлады, ол баланы өзіне алады. Сорокина қайта қоңырау шалып, ол балаға ақша бере алатындығын, оған қандай да бір соманы төлемейтінін және бала сатып алмайтынын айтты. Ол телефон арқылы бұл тақырыпты қатты талқылады және оның әңгімесін олардың директоры Аибов Ибрахим естіді және Сорокинаны досы мен баласымен бірге кеңсеге шақырып, полиция қызметкерлерін шақыруын өтінді, өйткені Сорокина мен оның досы өз сөздерінен бас тартуы мүмкін. Біраз уақыттан кейін Аибов телефон арқылы оған баланы өзіне алғысы келетін бір адамды тапқанын және оны Сорокинаға жіберген телефон нөмірін бергенін айтты. Келесі күні ол Сорокинаға хат жазды, Сорокина оған Дастанның телефон нөмірін баланың анасына бергенін және олар кездесуі керек екенін айтты. Ол енді қызықтырмады. Бір - екі күннен кейін интернетте олар баласын сатуға тырысқан және дәл сол әйел екенін түсінген анасы ұсталғанын көрді.

Дюшеев куәгері сотқа Алматы қаласы, ш / а мекен-жайы бойынша орналасқан "Ана үйі" қоғамдық қорында үйлестіруші болып жұмыс істейтінін көрсетті. Рахат, "Нуриддин" коттедж қалашығы 6 үй. 29.08.2019 жылы оған 4 перзентханадан жұмыс телефонына қоңырау шалып, Садықова бала туды және баламен баратын жері жоқ екенін хабарлады. Ол бірден штаттық психолог Б.и. Қасымовамен бірге 4 перзентханаға барып, Садықовамен әңгімелесіп, жаңа туған ұлымен бірге баратын жері жоқ екеніне көз жеткізіп, оны "Ана үйіне" алып кетті. Онымен психолог жұмыс істеді. 24.09.2019 жылы Садықова ұлын басқа палаталарға қарауға қалдырып, туыстарына бару деген сылтаумен оралды, бірақ ол сол күні түнеуге келген жоқ.

26.09.2019 жылы Садықова анасына көшіп жатқанын, оған күтім қажет екенін айтып, баламен бірге кетіп, оралмады. Куәгер Қасымова "Ана үйі" қоғамдық қорының психологы осыған ұқсас айғақтар берді.

Куәгер Садықова-сотталушы Садықованың анасы сотталушы Садықованың қызы екенін көрсетті. Бала кезінен ол қиын бала болып өсті, жиі үйден қашып кетті. 2012 жылы ол Аббас атты ұл туды. Бала туылғаннан бастап онымен бірге тұрады. Садықова бала тәрбиесімен айналыспады. Ол жалдамалы пәтерлерде тұрды. Тамыз айының соңында ол тағы бір ұл туғанын, оның қаржылық жағдайы қиын екенін білмегенін білді. Полиция қызметкерлерінен кейін ол ұлын сатқаны үшін ұсталғанын білді.

Кәмелетке толмаған жәбірленушінің өкілі-Алматы қаласы Медеу ауданының қорғаншылық және қамқоршылық органы сотталушының жас баласы – Садықов И., 2019 жылғы 26 тамызда туған қазіргі уақытта балалар үйінде екенін көрсетті. Соттан кәмелетке толмаған баланы Медеу ауданының қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқорлығына беруді, сотталушыға жетілдірілгенге мөлшерлес жаза тағайындауды сұрады [47].

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына

сәйкес 14 жасқа толмаған адамдар жас балалар ретінде танылады (ҚР АҚ 16-бабы) [11].

Жаңа туған баланың түсінігі заңнамалық бекіту алған жоқ (азаматтық немесе қылмыстық заңнамада).

Қылмыстық құқық ғылымында жаңа туған нәрестенің ерекшеліктерін түсіну тұрғысынан өмір мен өлім ұғымына екі негізгі көзқарас бар.

Бұл бағытта М.Д. Шаргородский, О.В. Лукичевтің пікірлері бойынша, егер құқық бұзушылық құрсақ деп аталатын әлі туылмаған адамға қарсы бағытталған болса, онда бұл құқық бұзушылықты өлім ретінде қарастыруға болмайды, тек түсік түсіру ретінде, өйткені олардың пікірінше, адам өмірінің басталуы нәресте мен өсу кезеңі ретінде – оның алғашқы демі қарастырылуы керек [48, 49].

Шынында да, әрбір жаңа туылған бала өзінің алғашқы демін ала бермейді, өкінішке орай, туылған баланың патологияларын жоққа шығармау керек, мұнда оның алғашқы демі өкпеге жасанды қосымша шаралар болған жағдайда болуы мүмкін және мұнда өмірдің басталуын анықтауға алғашқы кемшіліктері көрінеді, өйткені тыныс алу жас өмірдің басталуының ең объективті және абсолютті көрсеткіші бола алмайды.

Басқаша көзқарасты білдіретін ғалымдардың пікірінше, жаңа туған бала дүниеге келуін оның жүрек соғысының айқын белгілері деп санау керек, бірақ ұсынылған ұстанымға қарамастан, авторлар бұл тәсілдің адалдығы туралы дәлелді ұстанымдарды ұсынған жоқ.

Бірақ, соған қарамастан, бұл позицияны бір уақытта А.Н. Красиков былай толықтырды, ол адам өмірінің басталуы нәресте толығымен туылған, яғни жүкті әйелдің денесінен алынған сәт деп саналуы керек екенін айтады (әрдайым ана бола бермейді, өйткені суррогат аналар бар), сондай-ақ, ол мұны алдыңғы көзқараспен толықтырып, екеуін де біріктіреді, атап айтқанда, баланың туылуымен қатар, тыныс алу, жүрек соғысы, пульсация немесе нәрестенің бұлшық еттерінің кез-келген қозғалысы маңызды [50].

Осылайша, жаңа туған баланың туылу сәті анықталды. Бұл ретте жаңа туған баланың жасшамасын белгілеуге байланысты сұрақтар туындайды: яғни адамды қандай даму кезеңіне дейін жаңа туған деп тану керек (апталық мерзім, ай, жыл).

«Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 Нормативтік қаулысының 25-тармағына сәйкес, ҚК-нің 100-бабы (Жаңа туған баланы анасының өлтіруі) бойынша әрекетті саралаған кезде сот-медициналық сараптаманың педиатриялық өлшемдеріне сәйкес айқындалатын сәбидің жаңа туылғандығын ескеру қажет» [51].

Жаңа туған бала ретінде танылған адамның жасы заңмен бекітілмеген, бұл олар зардап шегушілер деп танылуы мүмкін әрекеттерді саралауда белгілі бір қиындықтар туғызады.

Балаларды «жаңа туған баланы» сату фактілерін саралау кезінде мыналарға назар аудару керек. Жаңа туған балаларын «сататын» аналар мұны туындайтын өмірлік жағдайларға байланысты жүзеге асыруға мәжбүр, онда отбасында әкесінің жоқтығы, баланы жалғыз анасының қамқорлығына тастауы, ешқандай қаржылық қолдаусыз, серіктесінің жүктілігі туралы хабарды естігеннен кейін аулақ болады.

Өкінішке орай, бұл, ең алдымен, мектептерде, колледждерде, университеттерде оқитын адамдардың жыныстық дамуы туралы хабардар болмауынан туындайды, осыған байланысты бізде мұндай жайсыз жұптардың саны өте көп, онда анасы ерте жүкті болады, ал баланың биологиялық әкесі жауапкершіліктен қорқып қатынасын үзеді.

Ата-аналар мен таныстардың көпшілігі мұндай жағдайларды құптамай, оларды сынға алып айыптайды. Осыған байланысты, мұндай аналар тығырыққа тіреліп, өзіне ыңғайлы шартпен баладан арылудың жолдарын қарастырады, бұл бір жағынан пайда табу болса, екінші жағынан жауаптылықтың жоқтығы.

Жаңа туылған балаларды сатып алғысы келетін адамдардың әрекеттері белгілі бір қызығушылық тудырады. Біздің құқықтық жүйеміз баланы болашақ асырап алушылардың асырап алуы, оны ата-анасына заңды түрде болуына мүмкіндік береді. Айта кету керек, 4254 балалар үйінің 90 пайызы жеті жастан асқан адамдар. Мұндай жас санаты бала асырап алғысы келетін адамдар үшін соншалықты қажетті емес және олар балаларды «жаңа туылған қара нарықта» сатып алуға жүгінеді. Сұраныс ұсынысты тудырады - бұл пікір осы жағдайға дәл келеді.

Балаларды «сату» және «сатып алу» өркениетті мемлекетте болмауы керек, өйткені біз құқықтарды бұзумен қатар, оларға заттар ретінде қарауды, олардың бағасын белгілеуді және олардың ұнамдылығы мен үнемділігін байланысты сатып алуды көреміз (бұл сатып алушылар үшін қажетті, ұнамды жас туралы).

Мұндай сұраныс пен ұсыныстың түпкі себептерін түсінуге тырысу – бұл адамдарға жанашырлық таныту немесе ақтау әрекеті емес, халықпен соның ішінде кәмелетке толмағандармен қажетті жұмыс жасау арқылы бұл проблемаларды болдырмауға болатындығын тағы бір рет көрсету.

Жасөспірімдер әртүрлі жыныстық қатынастарға түседі, тіпті оларға жүктелген жауапкершілікті де, сондай-ақ осындай оқиғалардың басталуын болдырмауға болатын мүмкіндіктер бар екенін түсінбейді.

Мысал ретінде туған кезде 17 жасқа толған ананың жаңа туған баласын сатуы және ол өз баласын сатуға өкінбейтіні, сұрағанда, ол «Мен әлі жаспын» деп жауап берген [52].

Осылайша, бүкіл әлемде болып жатқан сатып алу немесе сату жағдайлары мен әрі қарай оларды сауда-саттығының болу себебі, тек белгілі бір субъекті ретінде адамдар ғана емес, сонымен қатар осындай қылмыстық іс-әрекеттермен өзара тығыз байланысты халықаралық елдердің желісі болып табылады, бұндай жағдайда өз азаматтарға көмектесу біршама қиындық туғызса, ал жаңа туған сәбилерге көмектесу тіпті қиын.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты қылмыстық саралаудың объектісі мен объективті белгілері ретінде, жаңа туған балалар мен жас балаларды саудалаудың қоғамдық қауіпті дәрежесін ескере отырып, ҚР ҚК 135-бабына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

«4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

3) жаңа туған балаға қатысты жасаса;».

2.2. Кәмелетке толмағандар саудасының субъективті белгілері

Қылмыстың субъективті жағы ұғымы субъектінің жасалған әлеуметтік қауіпті әрекеті және оның салдарына психикалық қатынастарын қамтиды. Сипаттайтын белгілеріне кінә, құқық бұзушылықтың, яғни қылмыстың себептері мен мақсаты жатады. Олар сабақтаса келе адам психикасында болып жатқан қауіпті актімен байланысын сипаттайды.

Отандық қылмыстық құқық адамдардың саналы түрдегі әрекет немесе әрекетсіздігіне негізделген. Сот тағайындаған жазаның мақсаты мен күші бойынша тек ақыл-ой қабілеті бар, құбылыстарда жақсы жүре алатын және қылмыстық іс-әрекет пен оның арасын таңдауға қабілетті адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін.

Сондықтан кәмелетке толмағандардың саудасы олардың іс-әрекеттерінің мәнін түсінетін және олармен қалай күресуге болатындығын білетін адам ретінде қарастырылады.

Бостандық, адамның жады, қажеттілік пен еркіндік арасындағы қарым-қатынас мәселелерін айтпағанда, мораль мен құқықты тұжырымдауға жатпайды.

«Ақыл-есінің дұрыстығымен қатар кәмелетке толмағандардың саудасының субъектісінің бөлінбейтін белгілерінің бірі оның жасы болып саналады. Біздің кәмелетке толмағандардың саудасының материалдарын зерттеу

талданатын істі жасаушылардың 45 % ата-аналары болған, 22 % - туысқандары, 33 % бала үшін бөтен адамдар болған. Балаларды сатушылардың ең көп таралған жасы – 16-25 және 25-29» [53].

Жасалған әрекетке психикалық қатынасы заңмен қатаң белгіленген нысандарда – ниет пен немқұрайлылық жағын білдірілсе, ал адам қоғамдық қауіпті әрекеттері (әрекетсіздіктері) үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Психикалық қатынастардың осы түрлерімен адам қоғамға қауіпті әрекет жасаса, онда қылмыстық заңға сәйкес қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылады.

И.Ш. Борчашвилидің пікірінше «ҚР ҚК ресми түсіндірмесінде бұл қылмыстың субъективті жағын, тек тікелей ниетпен жасалады, яғни кінәлі азаматтық-құқықтық мәміленің жасалғанын түсінеді, оның «мәні» кәмелетке толмаған адам болып табылады, оның іс – әрекеттерінің нәтижесінде (мысалы, сатушы тарапынан – кәмелетке толмаған адамды беру, сатып алушы тарапынан-сатушыға келісілген соманы беру) мәміле жасалатынын және қалаған, сатып алу-сату немесе басқа мәміле жасау үшін. Кәмелетке толмаған баланы сатқан адамның қылмысының себебі әрқашан пайдакүнемдік болып табылады (мысалы, кәмелетке толмаған адамды белгілі бір сыйақыға сатуға немесе оны ағзалар мен тіндерді трансплантациялау кезінде донор ретінде пайдалануға және т.б.)» [41].

«Бұл қылмыстық істің пиғылы (мотив) альтруистік болуы мүмкін, яғни ата-аналары, қамқоршылары және т. б. оған тиісті көңіл бөлінбейтін қолайсыз отбасында тұратын кәмелетке толмаған баланы құтқаруға деген ұмтылысты білдіреді. Бұл ретте, кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін тікелей пиғылды белгілеу және оның осы баптың диспозициясында сипатталған әрекеттерді жасауы жеткілікті» [41].

Қылмыс құрамының элементтерінің бірі-қылмыстық әрекеттің субъектісі. Қылмыс жасаған адамдар субъектілер болып табылады.

Бірақ кез-келген жеке тұлға қылмыстың тақырыбы бола алмайды. Қылмыстық жауапкершілік адамның іс-әрекеттің нақты жағын және әлеуметтік маңыздылығын түсіну және оның әрекеттерін басқару қабілетімен байланысты. Мұндай қабілетке белгілі бір жасқа жеткен (Қылмыстық кодексте белгіленген) есі дұрыс адамдар ғана ие бола алады.

Аталған белгілер (жеке тұлға, ақыл-ой және қылмыстық жауапкершілік жасына жету) кез келген қылмыс субъектісінің қоғамдық заңды белгілері болып табылады.

Қылмыстық заң еңбектерінің кейбір авторлары тұтастай алғанда субъект ұғымын қылмыс құрамының элементі ретінде қабылдамауды ұсынады, өйткені композиция элементтерінде субъект ұғымы жас пен ақылдылықпен шектеледі және бұл қылмыскердің жеке басын дұрыс бағаламауға әкеледі, өйткені оның көзқарастары мен сенімдерімен, көңіл-күйлерімен және эмоцияларымен танысу қажеттілігі туындайды және қылмыс жасау мотиві, оның құмарлықтары мен құмарлықтары, тәрбиесі мен білімі – сотталушының мінез-құлқына әсер еткен және кейде тікелей анықтайтын барлық нәрселермен қарастырылады.

Алайда қылмыс тақырыбын қылмыскердің жеке басымен шатастырмау керек. Екінші ұғым әлдеқайда кең, көп қырлы. Субъект ұғымына қылмыстық заңның баптарында көрсетілген белгілер ғана енгізіледі. Қылмыскердің жеке басына адамның барлық қасиеттері кіреді (мінезі, бейімділігі, темпераменті, білім деңгейі және т.б.). Қылмыскердің жеке басын зерттеу криминология сияқты пәнмен айналысады. Бірақ қылмыстық құқық саласында жеке қасиеттер мен жеке қасиеттер маңызды.

Осылайша, кінәлінің жеке басы: сот тағайындалатын жазаның түрі мен мөлшерін таңдаған; қылмыстық жазадан немесе жауаптылықтан босату туралы мәселені шешкен; шартты түрде соттауды қолданған; баптың санкциясында көзделгеннен төмен жаза тағайындаған кезде ескеріледі. Бұл деректер қылмыспен тікелей байланысты болмауы мүмкін, бірақ жеке тұлғаны және оның әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін теріс немесе оң жағынан сипаттайды, әлеуметтік қауіптің көп немесе аз дәрежесін көрсетеді. Бұл мәліметтердің

кейбірін заң шығарушы жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын ретінде көрсетеді (жүктілік, жас балалардың болуы, бірнеше рет қылмыс жасау және т.б.).

Заңды бағалау (біліктілік) үшін жас пен ақыл-ой маңызды.

Белгілі болғандай кәмелетке толмағандар саудасы қасақана қылмыс санатына жатады. Бұл қылмыс жасауда қылмыскердің кінәсі – оның жасаған әрекеттің, қылмысына психикалық қатынасы және қылмыскердің кінәсі оның қылмыстық жауапкершілігінің қатаң қажетті шарты болып табылады.

Аталған қылмысқа қасақана қатысу - іс-әрекеттің қоғамдық қауіпті жағдайын, сипатын түсіну, ал оны адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса бұл әрекет басқа адамның белгілі бір қоғамдық қауіпті қызметіне қосылатынын алдын-ала болжау және осы қосылуды да, осы қоғамдық қауіпті әрекеттің орындалуын да қалау. Салдардың басталуын болжау немесе қалау ниеттің міндетті белгісі емес, себебі қылмыс шеңберінен тыс жатыр.

Жоғарадағылардың негізінде бұл санаттағы қылмыстар тікелей ниетпен жасалатыны байқалады.

Кәмелетке толмағандар саудасы құрамының субъективті белгілеріне оның мақсаты мен пиғылы жатқызамыз. Қылмыстарды саралау барысында пиғыл мен мақсатты анықтау маңызды болып табылады.

Дегенмен бірқатар осы қылмыс түрін еңбек еткен авторлар кәмелетке толмағандар саудасының құрамындағы негізгі сабептерін сипаттауда бір пікірге келе алмады.

С.Рахметов бұл қылмыстардың орын алудағы басты себеп пайдакүнемдік мақсатта және субъектілердің материалдық қажеттілігін, салыстырмалы түрде сирек кездесетін жағдайларда – бөтен адамдарсалыстырмалы түрде сирек кездесетін жағдайларда – басқалардың қажеттіліктерін қанағаттандырудан тұрадыадамдардың қажеттіліктерін қанағаттандырудан тұрады.

Сонымен қатар ойшыл И.Я.Казаченконың пікірінше «кәмелетке толмағандар саудасында пиғылдың ерекшілігі – ол пайдакүнемдік немесе балыны иемдену ниеті, сол сияқты баланы қамтамасыз ету арқылы жеке шығындарынан арылу және Бұл қылмыс санатының пиғылдары әр түрлі: пайдакүнемдік (баласы жоқ жанұяларға, шет елдіктерге сату, баланың пайда болу кезіндегі әр түрлі әлеуметтік жеңілдіктерге ие болу т.б.), кек алу, баладан құтылу ниеті, бала асыраудағы қиындықтар, аяушылық сезімінің жоқтығы т.б.» [54, 56 б.]

А.Н.Игнатов «кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу құқығы туралы даудың болған жағдайында жақын туысқандарына баланы беру қылмыс құрамын құрамайды деп санайды» [55, 78б.].

Кәмелетке толмаған адамды сату қылмысында сатып алушының іс-әрекетінің пиғылдары альтруистік болуы әбден мүмкін, атап айтқанда:

- кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату;
- кәмелетке толмаған адамды бірнеше рет сатып алу-сату әрекеттер жасаған;
- кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаған;
- кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;
- кәмелетке толмаған адамды ҚР шегінен тыс жерге заңсыз әкету немесе ҚР-ға заңсыз әкелу жолымен жасалған сатып алу-сату;
- кәмелетке толмағанды транспланттау үшін одан ағзаларды немесе тіндерді алу мақсатында жасалған сатып алу-сату.

Пиғыл қылмыстың мақсатына, нәтижесіне жету үшін белгілі бір заңсыз әрекеттерді жасауға итермелейді.

Зерделеніп отырған қылмыс санатының ең басты мақсаты сатушы тарапынан екі-жақты жасалған мәміледен материалдық пайда табу болып

табылады, сол сияқты сатып алушының іс-әрекеттері де осы мақсатта негізделуі мүмкін. Дегенмен сатып алушының мақсаты материалдық құндылық ниетімен байланысты болмауы да мүмкін, яғни денсаулығына байланысты баланың болмауы және тұрмыстық жағдайы төмен балаларды құтқару мақсатында оларға жақсы жағдай туғызып отбасы құру.

Кәмелетке толмаған адамды немесе жас баланы сатуда сатушының немесе бала асыраушының тұрмыстық жағдайының төмендігі, туысқандар арасындағы пайда болған бала үшін келеңсіз ар-ұяты, толыққанды отбасының болмауы және қазіргі кезде аналардың балаға деген сүйіспеншілігінің төмендігі, салғырттығы кездесуде.

Кәмелетке толмағандар саудасында қылмыстың мақсаты – қылмыс жасаған адамның талданып отырған қылмысты жасай отырып, белгілі бір қылмыстық нәтижеге жету. Көптеген жағдайларда материалдық пайда табу деген мақсат жүреді.

Көрсетілген қылмыс санатының субъектиті жағы қолданыстағы заң нормаларымен тиісті түрде реттелген. Бұл ретте жоғарыда көрсетілгендей елімізде қолданып отырған халықаралық құжаттарды ратификациялауы, мемлекет Басшысының бұл қылмыс түріне аса көңіл бөлудің нәтижелері деп айтуға болады.

Кейбір ғылыми жұмыстарда осы қылмыс санатында реабилитациялаушы пиғылдар мен мақсаттар көрсеткен. Бұл жағдайда реабилитациялаушы ретінде кедей отбасыдан шыққан балаларды аяушылықпен алуды, асырап алу мақсатында алуды, адамгершілік және дене бұзылысынан сақтау мақсатында (мысалы, сатып алушы ауыр науқастанған баланы оған жедел жәрдем көрсету мақсатында сату алу керек болғанында) алуды жеткізген.

Дегенмен конституциямызда біздің еліміз үшін ең басты құндылықтар адамның өмірі мен денсаулығы. Бала асырауда немесе оны өзгеден алу мәселесі

жағынан және басқа да қандай проблемалар орын алуы бойынша мемлекетпен реттелген, бекітілген заң нормалардың шеңберінде екендігі көрсетілген.

Кәмелет жасқа толмаған адамды уақытша пайдалануға беру немесе жұмысқа тарту барлық уақытта материалдық жағдайларға, қарызын өтеу, мақсатында байланысты емес. Одан бөлек балаларды пайдалануға тәрбиелеу құндылықтарын арттыру мақсатында берілуін, пайдалануын ескеруіміз қажет. Еліміздің салт-дәстүрі мен тәрбиелеу ерекшеліктеріне мән берген жөн.

Кезінде жанұяда үлкен баласын ата-апаларының қолына ешқандай мәмілесіз, құжатсыз, заңда көрсетілген талаптарға сәйкес емес, өз еріктерімен, кейбір жағдайларда анасының рұқсатынсыз да берілген, сол сияқты жақын туысына бала болмауына байланысты да беріліп келген.

Мұндай құбылыстар мемлекетіміздің әсіресе ауылдық жерлерінде әлі күнге дейін жалғасын табуда. Бұл жағдайда, кәмелетке толмаған балаларды пайдалану көрінісі болғанымен, біздің санамызда норма ретінде қалыптасқан. Оларды пайдалану жақтары алдымен тұрғын үй еңбегінде болса, кейіннен негізгі ақша табушы материалдық көзге айналууда.

Жаңа туған бала және 1-2 жастағы бүлдіршін балалар физикалық, психикалық жағынан қауқарсыз, қандай да бір қарсылық көрсетуге немесе ойын білдіруге дәрменсіз болып келеді.

Қазіргі кезде кәмелетке толмаған жас баланың туыстарында, ата-әжелерінде тұмыстық тіршілік үшін пайдаланудың есебі жоқ. Әрбір ата-ана өз баласының тұрмыс-тіршілігіне жауапты болуы қажет, оның жанашырлық жағдайда бөтенге берілуі баланың психикалық қатынастарының бұзылуына әкеп соғуы әбден мүмкін.

Жоғарыда атап өткендей бұл қылмыстың субъективті жағы ұғымы субъектінің жасалған әлеуметтік қауіпті әрекеті және оның салдарына психикалық қатынастарын қамтуы.

Салт-дәстүр ретінде кезінде қазақ даласында жас қыздарды ұрлап, тұрмыс құру қалыпты жағдай болған.

Дегенмен заманның өзгеруіне байланысты бұл қатынастарға қылмыстық жауаптылық көзделген, өйткені оның салдары зорлауға, адам құқықтарының бостандығын шектеуге әкелуде. Бұл салт-дәстүрден біртіндеп арылудамыз.

Тарихқа үңілсек бұрынғыда бай мен кедейдің арасында теңдік болмаған, жағдайы төмен адамдар материалдық жағдайына байланысты немесе қарызын өтеу мақсатында жас қыздарын еріксіз тұрмысқа беріп отырған.

Әлемде адамның психикасын ешкім толық зерттеп танымаған, оның психикасының бұзылуы бір сәт.

Кәмелетке толмаған жас баланы ата-апаларына, жақын туысқандарына беруді екі жақты қарастыруға болады, бір жағынан таптырмас тәлім-тәрбие, өнеге болса (бұл ретте тәрбиесі мен өмірге деген көзқарасы тиісті деңгейде болса), екіншілері сол адамдардың қысымымен, я болмаса амалдың жоқтығынан жасалатын дүние деп қарастыруға болады.

Дегенмен адамның тағдыры тәуекелге салатындай қандай да бір зат немесе мүлік емес екендігін ұмытпауымыз қажет.

Жас баланы тәрбиелеу және оны дұрыс жолға қою тек қана ата-анасының жауапкершілігінде болуы қажет, себебі оның әрекет қабілеттілігі пайда болғанға дейін әрбір әрекетіне жауапты болады.

Әрине бір шаңырақта ата-әжесінің тәлім тәрбиесін алу ол бөлек дүние, көбіне балалардың бақылаусыз қалуы олардың басқа жақта өсуіне тікелей байланысты. Бақылаусыз қалудың салдары кәмелетке толмағандардың болашағына, өміріне, олардың бастауларымен қылмыс жасауға қаупі жоғары.

Заманның ағымына сәйкес жас баланы жақын туыстарына сыйлау, беру және оларды пайдалану немесе оны асырап алу мәселелер тек заң шеңберінде жүзеге асырылуы керек.

2.3. Кәмелетке толмағандар саудасының сараланған құрамдары

Кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың 2-бабы мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) екі және одан да көп адамға қатысты;
- 6) транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін алып қою мақсатында;
- 7) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен;
- 8) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;
- 9) кәмелетке толмаған адамды қылмыстар немесе қоғамға жат өзге де әрекеттер жасауға тарту мақсатында;
- 10) жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып;
- 11) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 12) кінәлі адамға психикасының бұзылуынан зардап шегетіні немесе дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 13) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер

– мүлкі тәркіленіп, тоғыз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екіншісіне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау мақсатында жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты мұндай іс-әрекеттерді жасау мақсатында кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе бір шет мемлекеттен екінші мемлекетке Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау

- мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

1) қылмыстық топ жасаса;

2) олар абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса,

- мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан он сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [1].

Жоғарыда көрсетілген қылмыс санатының саралау белгілеріне мыналар жатады:

1. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2. бірнеше рет;

3. өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп;

4. қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;

5. екі және одан да көп адамға қатысты;

6. транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін алып қою мақсатында;
7. алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен;
8. адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;
9. кәмелетке толмаған адамды қылмыстар немесе қоғамға жат өзге де әрекеттер жасауға тарту мақсатында;
10. жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып;
11. кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі кәмелетке толмаған адамға қатысты;
12. кінәлі адамға психикасының бұзылуынан зардап шегетіні немесе дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі кәмелетке толмаған адамға қатысты;
13. жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер [1].

И.Ш. Борчашвилидің пікірінше «қатысу нысандарын регламенттейтін ҚК-нің 31-бабына (қолданыста ҚК-нің 28-бабы) сәйкес кәмелетке толмағандармен сауда жасау алдын ала сөз байласу арқылы жасалған адамдар тобы деп танылады, егер кәмелетке толмаған адамға қатысты мәмілені жүзеге асыруға осындай мәмілені бірлесіп жасау туралы алдын ала уағдаласқан екі және одан да көп адам қатысса» [41].

Сонымен қатар И.Ш. Борчашвили «кәмелетке толмаған адамға қатысты оны беру немесе иелену нысанында сатып алу-сату немесе өзге де мәмілелер жасауда бірнеше мәрте орын алуы, сол бір адамның ҚК-нің 135-бабында немесе осы баптың бір бөлігінде көзделген екі және одан да көп әрекеттерді жасау фактісі анықталған кезде, бұл ретте екінші әрекетті жасауға ниет білдіргенде орын алады. қылмыстар (кәмелетке толмаған адамның саудасы) әрбір рет жаңадан қалыптастырылады» [41].

«Кәмелетке толмағанға қатысты сатып алу-сату немесе өзге де мәмілелер жасау процесінде кінәлі адам жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті

күш қолданса немесе осындай зорлық-зомбылық қолданамын деп қорқытса, кәмелетке толмағандармен сауда жасау өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп жасалған деп танылады яғни, сауда кезінде қылмыскердің әрекеті кәмелетке толмаған адамның өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіреді (тыныс алуды тоқтатады, өмірлік маңызды органдарға соққы береді, қару қолдануға тырысады және т.б.)» [63].

Сонымен қатар И.Ш. Борчашвили «кәмелетке толмаған адамның денсаулығына зиян келтірілген жағдайларда кінәлінің іс-әрекетін жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіргені үшін қосымша саралаусыз ҚК-нің 135-бабының 2-бөлігінің «3» тармағы бойынша ғана саралау керек, өйткені бұл өмір мен денсаулыққа қауіпті зорлық-зомбылық ұғымымен қамтылады» [41].

Өмірге және денсаулыққа қауіпті зорлық-зомбылық ұғымы «сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында» 2004 жылғы 20 желтоқсандағы қылмыстық іс жүргізу барысында кісі өлтіру жағдайында кінәлінің әрекеті ҚК-нің 135-бабы 2-бөлігінің «3» тармағы және ҚК-нің 99-бабы бойынша қылмыстардың жиынтығы бойынша сараланады.

Сол сияқты И.Ш. Борчашвилидің пікірінше «кәмелетке толмағандармен психикалық күш қолданып, сол сияқты өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану қатерін төндіріп жасалған сауда ҚК-нің 135-бабы 2-бөлігінің «3» тармағы бойынша да біліктілікке әкеп соғады.

Кәмелетке толмаған адамға қатысты қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдана отырып жасалған сатып алу-сату немесе өзге де мәмілелер жасауды ҚК-нің 135-бабының 2-бөлігінің «3» тармағымен саралау керек. Қолдану деп қарудың мақсаты бойынша немесе адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін қару ретінде пайдаланылатын заттарды іс жүзінде пайдалану түсініледі» [41].

«Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы «жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңына сәйкес қару деп - тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ сигналдар беруге конструкциялық түрде арналған құрылғылар мен заттар түсініледі. Осы тармақта қару деп атыс қаруын да, суық қаруды да түсіну керек» [41].

Атыс қаруы деп оқ, снаряд, граната оқпан арнасынан оқ-дәрі немесе басқа заряд энергиясының әсерінен шығарылатын қару түсініледі.

Суық қару дегеніміз - нысанаға тікелей әсер ететін құрал адамның бұлшықет күшінің көмегімен әрекет ететін қару.

Қару ретінде қолданылатын басқа заттар адам денсаулығына ауыр зиян келтіруі мүмкін кез-келген заттар болуы мүмкін (шанышқылар, балта, тас және т.б.).

ҚР 1998 жылғы 30 желтоқсандағы «жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңына сәйкес қару деп тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ сигналдар беруге конструкциялық түрде арналған құрылғылар мен заттар түсініледі. Осы тармақтағы қару деп атыс қаруын да, суық қаруды да түсіну керек.

Сонымен қатар И.Ш. Борчашвилидің пікірінше «екі және одан да көп кәмелетке толмаған адамдарға қатысты кәмелетке толмағандардың саудасы кем дегенде екі кәмелетке толмаған адам осы әрекеттен зардап шеккен жағдайларда орын алады (ҚК 135-бабының 2-бөлігінің «5» тармағы.). Бұл біліктілік белгісі кінәлінің ниеті бастапқыда екі немесе одан да көп кәмелетке толмағандарға қатысты мәмілелер жасау үшін құрылған жағдайда ғана қолданылады. Егер кінәлінің пиғылы екі және одан да көп адамға қатысты мәміле жасауды қамтымаса және әрбір қылмыс дербес жасалса, кінәлінің әрекетін ҚК-нің 135-бабы 2-бөлігінің «2» тармағы бойынша кәмелетке толмағандармен «бірнеше рет» белгісі бойынша жасалған сауда ретінде саралау керек.

Кәмелетке толмағандар саудасының білікті құрамы транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін ағзаларды немесе тіндерді алып қою мақсатында іс-әрекет жасауды құрайды (ҚК 133-б. 2-б. «б» т.). 2006 жылғы 7 шілдедегі «азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» ҚР Заңының 1 - бабының 19-тармағына сәйкес транспланттау-бұл тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) ағзадағы басқа орынға немесе басқа организмге ауыстырып салу, сіңістіру» [41].

Трансплантация - бұл адам ағзасының ауру бөлігі сол немесе басқа организмнен алынған сау затпен алмастырылатын медициналық операция. Мұндай операциялар басынан бастап оларды медициналық практикаға енгізу құқығымен байланысты.

Трансплантацияның құқықтық проблемалары көптеген ғана емес, сонымен қатар оның түрлері бойынша да сараланады. Қылмыстық құқық үшін трансплантат донорының фигурасы маңызды. Бұл жануар немесе адам болуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған адамнан транспланттау үшін ағзаларды немесе тіндерді алу мақсаты оны қылмыс жасау кезінде тікелей басшылыққа алған мәмілеге қатысушыға ғана жүктелуі мүмкін.

«Бүгінгі күні тірі донорлардан ағзалар мен тіндерді алудың заңдылығын анықтау проблемасы күрделі болып табылады.

Егер ағзалар мен тіндерді тірі донорлардан алуға ол қоғамдық пайдалы мақсатқа – пациенттің өмірін құтқаруға бағытталған кезде ғана жол берілсе, ақталған кәсіби қауіп болуы мүмкін.

Егер медицина қызметкері қазіргі заманғы медициналық білім мен тәжірибеге сүйене отырып, донордың өмірі мен денсаулығына зиян келтірудің алдын алу үшін мүмкін болатын және жеткілікті шаралар қолданған жағдайда ғана тәуекел негізді деп танылады. Бұл ретте реципиенттің жазбаша келісімі міндетті шарт болып табылады» [41].

«Кәмелетке толмағандардың сауда фактісін анықтау жауапкершілікке тарту үшін жеткілікті. Егер кәмелетке толмаған адамның ағзаларын немесе тіндерін транспланттау жүргізілсе, онда кінәлі адамды ҚК-нің 135-бабы 2-бөлігі және «адамның ағзаларын немесе тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою» және денсаулыққа келтірілген зиян үшін жауаптылықты көздейтін ҚК-нің тиісті бабы бойынша тарту керек.

Кәмелетке толмаған адамға қатысты алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен сатып алу-сату немесе өзге де мәмілелер жасау кезінде жауапкершілік ҚР ҚК 135-бабының 2-бөлігінің «7» тармағы бойынша туындайды. Осы тармақ бойынша адамды жауаптылыққа тартудың қажетті шарты алдау немесе сенімге қиянат жасау фактісін анықтау болып табылады, ҚК-нің 190-бабында көзделген қылмысты талдау кезінде ұғымы берілген.

Бұл ретте, алдау көрінеу орын алмаған фактілер туралы қасақана жалған мәлімдемеде не істің мән-жайлары бойынша кәмелетке толмаған адамның меншік иесіне хабарлануға тиіс фактілерді жасыруда көрініс табуы мүмкін. Сенімге қиянат жасау кезінде кінәлі адам кәмелетке толмаған адамды заңсыз иемдену үшін өзі мен кәмелетке толмаған адамның заңды иесі арасында туындаған арнайы өкілеттіктерді немесе оның жеке сенім қатынастарын пайдаланады не жәбірленушіні жаңылыстырады» [41].

Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған кәмелетке толмағандардың саудасы ретінде (ҚК-нің 135-бабы 2-бөлігінің «8» тармағы), баптың диспозициясында көрсетілген, кінәлі лауазыммен шарттастырылған мәмілелерді жасауды саралау қажет, және нақ осы лауазым ойластырылған қылмысты іске асыруды едәуір жеңілдетті.

Кәмелетке толмағандарға қатысты сатып алу-сату немесе басқа да мәмілелер жасауды қылмыс немесе басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту мақсатында (ҚК-нің 135-бабының 2-бөлігі «9» - тармақтары) заң шығарушы кінәлі көздеген мақсат әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін

едәуір арттыратындығына байланысты білікті құрам ретінде қарастырады, өйткені кінәлі кәмелетке толмағанның санасында бекітуге тырысады қылмыстық және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттермен айналысуға деген ұмтылыс.

Кәмелетке толмағандарды қылмыс немесе басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту туралы ұғымды ҚК-нің 132 және 133-баптарына түсініктемені қараңыз.

«Жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып, кәмелетке толмаған адамға қатысты сатып алу-сату немесе өзге де мәмілелер жасау жағдайында кінәлі адамның іс-әрекеттері ҚК-нің 135-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыс белгілеріне жатады. Бұл ретте, кінәлінің іс-әрекеті, егер кінәлі белгілі бір іс-әрекет жасауға қауіп төндірсе немесе материалдық, қызмет бойынша немесе басқа жолмен оған тәуелді адамға қатысты заңсыз жасаса, оның саудасына алып келетін жағдайда ғана айқын болатынын есте ұстаған жөн. Жәбірленушінің кінәліге немесе кінәліге материалдық тәуелділігі кінәлінің толық немесе ішінара тәуелділігіне, тұрғын үйде тұруына немесе жәбірленушінің материалдық жағдайының жақсаруы немесе нашарлауы оған байланысты болған кезде және т.б. байланысты болуы мүмкін» [41].

ҚК-нің 135-бабының 3-бөлігінде: «осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, кәмелетке толмағанды Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкету, Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы бір шет мемлекеттен екіншісіне тасымалдау, сол сияқты Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкету, ҚР-ға әкелу немесе кәмелетке толмағанды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау мақсатында жасалған іс-әрекеттер" делінген осындай іс-әрекеттер жасау мақсатында бір шет мемлекеттен екінші шет мемлекетке".

Заңсыз әкетумен немесе ҚР-ға әкелумен ұштасқан кәмелетке толмағандардың саудасын заң шығарушы кәмелетке толмағанға қатысты тек туыстық байланыстардың ғана емес, республикамен байланыстың да бұзылуына әкеп соғатын іс-әрекеттер қабылдануына байланысты қарайды.

Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекетті жасау, егер олар ҚК-нің 135-бабының 4-бөлігінде көзделген қылмысты ерекше ауырлататын мән-жайлар болып табылады:

а) ұйымдасқан топ жасаған;

б) абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе басқа да ауыр зардаптарға әкеп соқтырды.

Ұйымдасқан топ кәмелетке толмағандарға қатысты қаралып отырған іс-әрекетті жасау үшін алдын ала біріккен адамдардың тұрақты тобының болуын болжайды. Қылмыстық статистика мен заңды баспасөздің мәліметтері қазіргі уақытта мұндай жағдайлардың көбейіп келе жатқанын және қылмыскерлер оларды айла-амалдармен жасайтындығын растайды.

Егер кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған мәміленің нәтижесі оның қайтыс болуы немесе басқа да ауыр зардаптар (оның денсаулығына ауыр зиян келтіру, мысалы, психиканың бұзылуы немесе өзін-өзі өлтіру) болса, онда кінәлі адам болжай алмаса да, кінәлі адам ҚК-нің 135-бабының 4-бөлігі бойынша жауап береді [41] .

Бұл жағдайда кәмелетке толмаған адамның өлімі сату кезінде де (шетелге заңсыз экспорттау кезінде) және кәмелетке толмағандардың саудасының салдары (кәмелетке толмағанның ағзасын және тінін алып қою) нәтижесінде де болуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандар сатып алу және (немесе) сату оларды қарулы қақтығыстарда пайдалану үшін жасалатыны белгілі: БҰҰ мәліметтері бойынша әлемде оппозициялық қозғалыстар қатарына мәжбүрлеп тартылған 200 000-нан астам «бала-сарбаздар» бар.

Қазіргі уақытта ешбір ел адам ағзаларын трансплантациялау қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыра алмайды және мүшелер трансплантациясын күтетін адамдар саны олардың ұсыныстарына қарағанда тез өсуде.

Мысалы, Ирландияда диализ пациенттерінің тек 85% бірінші жылы трансплантациядан өтеді, бұл АҚШ-тағы 25% және Жапонияда 10%. Статистикаға сәйкес, тек АҚШ жылдың маусым айындағы жағдай бойынша трансплантацияны 24000 адам күткен. Австралияда бүйрек трансплантациясын күтетін адамдардың саны қазіргі уақытта 2000 адамды құрайды, жыл сайын осындай 400-ге жуық операция жасалады. Мұндай операцияны күтудің орташа мерзімі-үш жыл [56].

Сонымен қатар, жалған құжаттарды қолдана отырып, адам ағзаларын экспорттау жағдайлары Германия, Италия және Швейцариядан келген сатып алушылар Аргентина, Бразилия, Гондурас, Мексика және Перудан адам ағзаларын сату жағдайлары расталады [57].

Өздеріңіз білетіндей, қылмыстық-құқықтық тыйым салудың негізі әртүрлі жағдайлар болып табылады:

- қылмыстық қорғауға өтініш білдірген азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын кеңейту;
- халықаралық келісімдерді сақтау қажеттілігі; -
- ғылыми-техникалық прогрестің дамуы және теріс салдарлар туындаған кезде пайда болады және т.б.

Сонымен бірге, ең маңызды және құнды әлеуметтік қатынастар қылмыстық құқықты қорғауға қойылғанын атап өткен жөн, содан кейін ғана репрессиялық шаралар қолданылмаса, мұндай қорғауды қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясы «адам және азамат» деп аталатын 2-бөлімде өмірге, денсаулыққа, қадір-қасиетке және қол

сұғылмаушылыққа, қоғамдық өмірге қатысуға және адам құқықтарын қорғауға құқықты қоса алғанда, жеке адамның құқықтарын жариялайды. отбасы және кәмелетке толмағандар мемлекет тарапынан.

Басқа заңдар жеке тұлғаны қорғауға қызмет етеді, оларды жүзеге асыру үшін құқық береді және қолайлы жағдайлар жасайды. Алайда, іс жүзінде азаматтардың құқықтары жиі бұзылады. Сондықтан оларды қорғау керек.

Жеке адамды және оның құқықтарын қорғауда адамға қарсы ең қауіпті қылмыстардың жолын кесуге және жазалауға бағытталған қылмыстық заңнама ерекше орын алады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тікелей қолданылады. Олар заңдардың мағынасын, мазмұнын және қолданылуын, заң шығарушы және атқарушы биліктің қызметін анықтайды және мемлекет қамтамасыз етеді.

Жақында әдебиетте жеке адам мен азаматтың қауіпсіздігі мәселесі жан - жақты шешілуі керек екендігі дұрыс айтылды.

Дегенмен сараланған әрекеттер тұрғысынан баласын өзара келісім бойынша сатқан ата-аналардың әрекеттері қызығушылық тудырады. Нұ-Сұлтан қаласының заңды органдарымен 2 айлық баласын 1000 АҚШ долларға сатқысы келген жерде қамауға алды, онда екі адамның өз баласын сатуға келісімі бар және баланы сату кезінде олар тараптардың бірі болып көрінді (сатушы). Демек, олардың іс-әрекеттері сараланған, алдын-ала сөз байласқан адамдар тобы жасаған деп тануға болады [58].

Аталған қылмыс санатының қызметтік лауазымын қолдана отырып кәмелетке толмағандардың саудасын жүргізуге отбасы мүшелерінің, балалар мәселелерімен айналысатын мекемелердің қызметкерлерінің әрекеттерін жасауды түсінуге болады.

Қызметтік лауазымын пайдалану немесе қолдану кеңінен қарастыру керек. Шын мәнінде кәмелетке толмағандардың саудасы әйелдердің босану үйдің, бала-

бақша немесе мектеп жасына дейінгі мекемелердің, жалпы білім беретін орталықтың, я болмаса мектептердің (мектеп-интернат қызметкерлері), бір сөзбен жеткізгенде балалардың күтімімен, емімен, тәрбиесімен қарасты қызметкерлерінің өзінің қызметін асыра қолданумен ұштасуы. Себебі олардың таңдалға, мамандығы мен қызмет түрлері кәмелетке толмаған адамдардың тағдырына тікелей әсер етеді [59].

Кәмелетке толмаған адамдарды шет елге заңға қайшы әрекеттермен шығару Қазақстаннан тек жақын шет елдерге ғана емес, сондай-ақ алыс шет елдерге шығарумен байланысты.

Бұл ретте шет елге шығарудың нысаны әртүрлі: кәмелетке толмаған адамның өзінің ерікті келісімі болған кездегі шет елге шығару, одан басқа орын ауыстырудың мақсатын жасыру немесе алдау арқылы көшіру және оларға қатысты психикалық, зорлау әрекеттері, әлсіз күйін пайдалану.

Дегенмен қазіргі уақытта ҚК кәмелетке толмаған адамның саудасына жауаптылықты заң шығарушы сараланған қылмыс құрамын сипаттау үшін басқа түсініктерді қолданады – кәмелетке толмаған адамның шет елден заңсыз оралуы.

Бұл қылмыстық жауаптылықтың мақсаты – «кәмелетке толмаған адамның заңсыз шығарылуымен, сол сияқты ұстаумен, яғни балалардың шет елден қайтарылмауымен ұштасқан кәмелетке толмағандардың сауда тенденциясын куәландырады» [60].

Бұл қылмыс санатының ең өзекті жағының бірі кәмелетке толмаған адамдардың саудасы үшін жауаптылыққа тартуды көздейтін шектес құрамдармен саралау, олардың ұқсастығы мен ара-жігін ажырата білу.

Алдымен кәмелетке толмаған адамдар саудасы мен адам ұрлаудың мәселесін қарастыру қажет.

Қылмыстың ұқсастығы қол сұғушылық объектісінде, яғни объектілерінің екі жақта да тұлға көрінеді, екінші жағы ол - субъективті белгісінде, яғни

кәмелетке толмаған саудасы мен оларды ұрлау материалдық сипатта өтемақы алумен қасақана жасалынады.

Қылмыстар тура оймен жасалынады, яғни кәмелетке толмаған адамды иемдену, беру мақсатындағы сауда, өзге келісімдерді жасағанда немесе баланы ұрлағанда, өтемақы сұрағанда өздерінің әрекеттерінің қауіптілігін түсінеді.

Ендігі кезекте аталған қылмыстардың айырмашылығы оларды жасау кезіндегі объективті белгілерінде. Кәмелетке толмаған адамды ұрлау, яғни оларды иемденуге негізделіп, оның бостандығынан шектеу арқылы басқа жерге жеткізумен, ауыстырумен байланысты.

Бұл жағдайда бастапқы кезде адам ұлаушы мен кәмелетке толмаған адамның өкілі арасында материалдық келісім алдын-ала байланыс болмайды. Қылмыс жасаған тұлғаның ұрлаған баланы бостандыққа жіберу үшін, ақшалай немесе мүліктік сипаттағы ақыны жасау туралы талаптарды қояды.

Екінші жағдайда кәмелетке толмаған адамды сату және сатып алу немесе өзге мәмлелерді жасау ерікті екіжақты келісімді білдіреді.

Сонымен қатар, кәмелетке толмаған адамның ұрлық жасаушылардың карамағында болуы бұл жағдайда «белгілі бір күшті, зорлықты қолдану» ретінде – қол сұғушылықтың сараланушы белгісі негізінде қарастырылады [61, 95б.].

Одан бөлек, адамды ұрлауда субъектілер ретінде ата-анасы, жақын туыстқандары (атасы, әжесі) жатпайды, ал кәмелетке толмағандар саудасында көрсетілген тұлғалар субъекті ретінде қарастырылады.

Келесі бір мәселе кәмелетке толмаған дар саудасы мен кепілге ұстаумен (ҚР ҚК 261-бабы) ажырата білу маңызды.

Кепілге алу деп - адамды бостандығынан заңсыз айыру, кейіннен бостандыққа оралуы туралы субъектінің мемлекетке, ұйымға, жеке және заңды тұлғаларға қойған талаптарының орындалуына байланысты.

ҚР ҚК-нің 1-бабында кепілге алу адамды босату ретінде мемлекетті, ұйымды немесе басқа да адамды қандай да бір әрекет жасауға немесе қандай да

бір әрекет жасаудан тартынуға мәжбүрлеу мақсатында жасалған, адамды кепілге алу немесе кепіл ретінде ұстау – үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 6) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 7) көрінеу дәрменсіз күйдегі адамға қатысты;
- 8) екі немесе одан да көп адамға қатысты;

9) пайдакүнемдік ниетпен немесе жалдау бойынша жасалған дәл сол іс-әрекет – жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, – он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мысалы, 2003 жылы қылмыскерлер Ақтау қаласында 15 оқушылар мен оқытушыларды тұтқынға алып, оларды босату үшін Иранға ұшу ұшағы мен 10 млн АҚШ долларын талап еткен. Бұл талаптарды орындамаған жағдайларда тұтқындарды атуды және ол жерді жарып жіберумен қорқытты. Сол кездегі билік қылмыскерлердің талаптарын қанағаттандырған болатын. Дегенмен балалар мен оқытушыларды босату жұмыстары төрт күнге созылған. Нәтижесінде қылмыскерлерді бас мемлекетте емес, қала шетінде ұсталынды. Кепілдіктің бір белігісі ретінде – кәмелетке толмағандарды кепілге алу арқылы материалдық қаражатқа қол жеткізу әдісі.

«Жаңа туған нәрестені ауруханада бөтен баслаға алмастыру, сондай-ақ баланың анасы немесе басқа туысқандары немесе заңды өкілдері өзінің баласын анықтай алмай және оның алмастырылуын байқамаған жағдай – баланы алмастыру болып табылады» [62, 59б.].

Бұл қылмыс санатының ерекшелігі жәбірленушінің жастық ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. ҚР ҚК-нің 136-бабында бала деп тек жаңадан туылған сәби танылады, ал кәмелетке толмаған адамның саудасы оны иемдену мен беру формасындағы сату-сатып алу келісімдерін жасағанға жауаптылықты білдіреді. Кәмелетке толмаған адамдар саудасы кезінде жастық ерекшеліктері баланы алмастырудан ауқымды.

ҚР ҚК-нің 136-бабымен қылмысты саралау үшін оны жасаудың әдісін анықтаған жөн, яғни жаңадан туылған баланы басқа баламен алмастырыуы болды ма немесе бір балаға қатысты сату сатып-алу келісімінің бар жоқтығын анықтау.

БҰҰ адамдардың құқықтары бойынша Комиссияның Бас Ассамблеясындағы 52-сессиясында «асырап алу ақшалай табысты алу жүзінде жасалына алынады» делінген. Шын мәнінде, асырап алу тәжірибесінде көп жағдайда алмастыру мен сыйақы алу ұштаса жүреді. Бұл делдалдың жұмыстарына төлеу немесе ата-аналарының сыйақысы ретінде бола алады. Дегенмен, сыйақыны беру, тіпті кішкене болса да, ақталмаған болып саналады және оған рұқсат етілмейді. «Балалардың құқығы туралы Конвенциясында асырап алулардың қиын мәселесі балаларды жыныстық нарыққа немесе арзан жұмыс күші ретінде сату мақсатын қудалай алады» [63, 49б.].

ҚР отбасылық заңнамасы ережесінде, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалғандар балалар отбасының тәрбиесіне беруге, асырап алуға, қамқорлыққа алуға немесе қабылдау отбасына беруге жатады. Егер осындай мүмкіндік болмаса – қамқорлықсыз қалғандар жетім балалардың үйіне беріледі.

Объективті жағынан бала асырау бойынша бірнеше рет жасалған заңсыз әрекет құрайды, яғни мұндай іс-қимылдарды саралау барысында туындайтын негізгі сұрақ – заңсыз асырап алу кезіндегі пара алумен және заңсыз асырап алуда қызметтік лауазымын қолданумен байланысты айырмашылықтар.

Жай ғана азаматтарды қылмыстық жауаптылыққа олардың заңсыз асырап алу әрекетіне қатынасы ашқаннан кейін ғана тарту керек, ал бұл қылмыстың субъектісі арнайы асырап алу органдарының өкілдері, судьялар және делдалдар бола алады.

Кәмелетке толмаған адамдар саудасы қылмысының саралау тазалығына түрткі болатын мәселелерді осы зерттеу жұмысын жазу барысында бірқатар ұсыныстарды атап өттім, алдымен жалпы бұл қылмыс санатының түсінігін халықаралық құжаттарға сәйкестендіру, сол сияқты бұл қылмыста делдалдарға қатысты жауаптылықты көздеу, қылмыстың объектісі ретінде жаңа туған немесе жас балаға қатысты саудаға байланысты жасалған әрекеттерге бөлек жауаптылықты көздеу қарастырылды.

Өзімізге мәлім болғандай ҚР ҚК-нің 135-бабында кәмелетке толмағандар саудасындағы саралауда міндетті белгі ретінде бір жақтың екінші жаққа сатуы, сатып алуы, я болмаса өзге де мәмілелерді жасау, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау болып табылады.

Бұл қылмыс нормасында кәмелетке толмаған адамның құқықтық келісімі немесе пікірі ескерілімей қараусыз қалғанын аңғаруға да болады. Барлық жағдайда 100% бір жақтың екінші жаққа заңсыз әрекеттерге кәмелетке толмаған адамдарды ұсыну олардың бастамаларымен бола бермейді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер (14-18 жас аралығы) бұл қылмысты сипаттайтын белгілерді өздерінің бастамаларымен орын алуы мүмкін.

Мысалы, материалдық тұрғыда, я болмаса басқа да себептермен 14-18 жас аралығындағы адамдар өздерінің ағзаларын, тінін және денесін, сол

сияқты қанау мақсатында өзге де әрекеттерді ата-анасының немесе заңды өкілдерінің рұқсатынсыз өз бастамаларымен ұсынуы.

Жоғарыдағы жағдайларды ескере келе, бұл қылмыс санатының объектісіне айналған кәмелетке толмаған адамды, келісіміне қарамастан сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау ұғымымен толықтыру қажет деп есептейміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы жұмыста біз кәмелетке толмағандардың саудасына қарсы қылмыстық-құқықтық шараларын терең зерттеуге тырыстық. Зерттеу жұмысымыз 2 тараудан, әр тарауда 3 бөліктен қарастырдық.

Бұл қылмыстың санатының қоғамға, мемлекетке тудыратын қауіптілігін ескере отырып, қылмыстың заңды сипаттамасын анықтап, шығу тарихина көз жүгірттік.

Біз кәмелетке толмаған адамдар саудасының ұғымы мен мәнінің дәстүрлі және халықаралық түсіндірмелерін, оның заңнамалық анықтамасын қарастырдық.

Қылмыстық құқықтың даму тарихын зерттеу оның шығу тегі мен туындаған проблемамен күресудің заңи механизімін зерделеуге мүмкіндік жол ашатына көз жеткіздік.

Бүкіл әлем бұл жағымсыз құбылыспен күресудің сан алуан түрлерін қарастыруда, дегенмен кәмелетке толмағандар саудасы «атты дерттен» толыққанды арылуға қауқарлары жетпеуде.

Қолданыстағы қылмыстық кодекстің сипаттамасы кәмелетке толмаған адамды зат, тауар тұрғысынан қарастырылғанын байқалады.

Біздің ұсынып отырған көзқарасымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы заңына сәйкестіндіру.

Қазақстан Республикасы тәуелсідігін алғанға дейін кәмелетке толмағандар саудасына қатысты заңнамалар болмаған, алғаш рет 1997 жылы ҚР ҚК-нің 133-бабында (қазіргі кездегі 135-бап) кәмелетке толмағандар саудасы туралы жауаптылық қарастырылды.

Бұл қылмыс бұзушылықтың объектісі –қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы және негізгі объектісі кәмелетке толмаған тұлға.

Қылмыстың субъектісі - қылмыстық құқық бойынша қоғамдық қауіпті әрекеттерді жасаған және қылмыстық жауаптылықтың жас мөлшеріне жеткен тұлға. ҚР ҚК сәйкес қылмыстық жауаптылық 16 жастан басталса, кейбір қылмыстар үшін жауаптылықтың төменгі жасы – 14 жас қарастырылған.

ҚР ҚК-нің жаңа редакцияда кәмелетке толмаған адамдардың саудасы үшін мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылдан тоғыз жылға дейінгі, ауырлататын мән-жайлар болған жағдайларда жазалар он сегіз жылға дейінгі мерзімге ұлғайтылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандар саудасын талдау барысында сатушы мен сатып алушы қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын көрсетеді. Дегенмен осындай мәміле кезінде өзге қатысушы (үшінші) – делдалдың да болу жағдайлары болуы мүмкін. Сол себепті кәмелетке толмағандар саудасындағы делдалдық үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыру қажет екенін пайымдадық.

Біздің мемлекетіміз кәмелетке толмағандар саудасына қарсы іс-қимылдың халықаралық-құқықтық аспектісінің көрінісі ретінде халықаралық құжаттарды ратификациялау арқылы адам саудасы, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасымен күресуге бағытталған негізгі шаралар жүзеге асырылуда.

Шет елдің қылмыстық заңнамаларын салыстыра қарағанда қолданыстағы ҚР ҚК кәмелетке толмағандар саудасына қатысты қылмыстық-құқықтық нормаларының сипаттамасында қатты айырмашылығы жоқ, тек қана кейбір жағдайларда жаза тағайындау барысындағы жауаптылық мөлшерінің көлемімен ерекшеленеді.

И.Ш. Борчашвили кәмелетке толмағандарды саудаға салу қылмысына қатысты сатып алу-сату немесе басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты оны

пайдалану немесе жалдау, тасымалдау, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де іс-қимылдарды жасау туралы диспозицияда айтады.

Зерттеугдің нәтижесімен қылмыстық саралаудың объектісі мен объективті белгілері ретінде, жаңа туған балалар мен жас балаларды саудалаудың қоғамдық қауіпті дәрежесін ескере отырып, ҚР ҚК 135-бабына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды.

Қылмыстың субъективті жағы ұғымы субъектінің жасалған әлеуметтік қауіпті әрекеті және оның салдарына психикалық қатынастарын қамтиды. Сипаттайтын белгілеріне кінә, құқық бұзушылықтың, яғни қылмыстың себептері мен мақсаты жатады. Олар сабақтаса келе адам психикасында болып жатқан әлеуметтік қауіпті актімен байланысын сипаттайды.

Отандық қылмыстық құқық адамдардың саналы түрдегі әрекет немесе әрекетсіздігіне негізделген. Сот тағайындаған жазаның мақсаты мен күші бойынша тек ақыл-ой қабілеті бар, құбылыстарда жақсы жүре алатын және қылмыстық іс-әрекет пен оның арасын таңдауға қабілетті адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін.

Сондықтан кәмелетке толмағандардың саудасы олардың іс-әрекеттерінің мәнін түсінетін және олармен қалай күресуге болатындығын білетін адам ретінде қарастырылады.

Бостандық, адамның жады, қажеттілік пен еркіндік арасындағы қарым-қатынас мәселелерін айтпағанда, мораль мен құқықты тұжырымдауға жатпайды. Қылмыскердің қауіптілігі оның әлеуметтік қауіпті түрде объективті әрекеттерінде ғана емес, сонымен бірге ол саналы түрде әрекет ететіндігінде.

Қылмыс санатының саралау белгілеріне:

1. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
2. бірнеше рет;
3. өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп;

4. қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
5. екі және одан да көп адамға қатысты;
6. транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін алып қою мақсатында;
7. алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен;
8. адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;
9. кәмелетке толмаған адамды қылмыстар немесе қоғамға жат өзге де әрекеттер жасауға тарту мақсатында;
10. жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдаланып;
11. кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі кәмелетке толмаған адамға қатысты;
12. кінәлі адамға психикасының бұзылуынан зардап шегетіні немесе дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі кәмелетке толмаған адамға қатысты;
13. жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер Кәмелетке толмағандардың осы сараланбаған белгісін қарастыра отырып, ҚР ҚК бірнешеліктің түсінікі ұқсас, жақын әрекеттердің болуын білдіреді.

Бұл қылмыс нормасында саралау белгісі жағынан кәмелетке толмаған адамның ойы, пікірі, келісімі есепке алынбаған. Барлық жағдайда белгілі бір жақтардың бастамаларымен екінші жаққа кәмелетке толмағандарды заңсыз әрекеттерге ұсыну, сату немесе сатып алу, пайдалану т.б. тәртібі бола бермейді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер (14-18 жас аралығы) бұл қылмысты сипаттайтын белгілерді өздерінің бастамаларымен орын алуы мүмкін.

Мысалы, материалдық тұрғыда, я болмаса басқа да себептермен 14-18 жас аралығындағы адамдар өздерінің ағзаларын, тінін және денесін, сол сияқты қанау мақсатында өзге де әрекеттерді ата-анасының немесе заңды өкілдерінің рұқсатынсыз өз бастамаларымен ұсынуы.

Мұндай жағдайларда ескере келе біз, бұл қылмыс санатының объектісіне

айналған кәмелетке толмаған адамды, келісіміне қарамастан сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау ұғымымен толықтыру қажет деп есептейміз. Аталған өзгеріс бұл қылмыс санатымен күресуге, оны алдын алуға өз септігін тигізеді сенімдіміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы Интернет–источник https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek.

3. М.А. Мыңбаев «Еріксіз еңбекті құқықтық реттеу» ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2001. – № 3. – 47 – 49 бб.

4. Қ.Н. Қасымов ҚР адам саудасын болдырмаудың саяси және құқықтық аспектілері// ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. –. 2012.–№ 3 – 99 – 102 бб.

5. А.Алькенов Адамды саудаға салу қылмысының криминологиялық сипаттамасы және осы қылмыстың жасалуымен күресудің кейбір шаралары// Қарағанды университетінің Хабаршысы. Заң сериясы. – 2013. - №2. – 121-123 бб.

6. Торговля людьми – рабство XXI века. Интернет – источник <https://gastrobaiter.com/ru/actual-articles/trafficking-in-human-beings-slavery-of-the-21st-century.html> (дата обращения 20.02.21)

7. Кемелжан Ж. Адам саудасы – құлдықтың қайталануы немесе қазіргі кезде қазақстандықтарды саудалау ел аумағында қызып тұр// Жас қазақ, 2012, 7 қыркүйек.

8. Статистикалық мәліметтер Интернет – источник <https://qamqor.gov.kz/> (дата обращения 14.03.2021).

9. Адам саудасымен күресу: стратегиялық шұғыл істерді әзірлеу,әріптестікті нығайту, тәжірбие алмастыру. - Алматы: Дағдарыстық орталықтар Одағы, 2009. – 228 б.

10. Казахстанок продавали в сексуальное рабство: подозреваемую экстрадировали из Бахрейна\ Интернет – источник <https://tengrinews.kz/news/kazahstanok-prodavali-seksualnoe-rabstvo-podozrevaemuyu-439492/>.

11. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409.

12. Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 ж. 4 маусымдағы №37-4 Заңы.

13. Права ребенка. Сб. док. / Редько Л.Л., Пономарев Е.Г., Пудовочкин Ю.Е. Ставрополь. Ставропольское книжное издательство, 2005. 580 с.

14. Добрынина С. Час быка. Детское рабство для сельских краев - обычное явление //Российская газета. 2005. 23 июля. С. 103 – 105

15. Станская А.А. Проституция несовершеннолетних социальная и правовая проблема. / Науч. ред. С.Ф. Милуков. СПб.: Издательство Р. Асланова Юридический центр пресс, 2005. 326 с.

16. Лунеев В.В. Преступность XX века. Мировые, региональные и российские тенденции. М.: Норма, 2009. 516 с.

17. Қазақстан Республикасының Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі атты жолдауы» Интернет – источник [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta - tokaeva-narodu-kazahstana](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana) (дата обращения 01.03.21).

18. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне, жеке адамның құқықтарын қорғауды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.

19. Протокол о предупреждении и пресечении торговли людьми, особенно женщинами и детьми, и наказаниями за нее, дополняющий Конвенцию Организации Объединенных Наций против транснациональной организованной преступности. Интернет–источник https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/protocol1.shtml (дата обращения 20.02.21)

20. Жертвами торговцев людьми всё чаще становятся дети — ООН. Интернет – источник <https://www.gazeta.uz/ru/2021/02/02/human-trafficking/> (дата обращения 20.02.21)

21. Методические рекомендации по идентификации жертв торговли людьми. Интернет – источник <https://spc-besh.schools.by/pages/metodicheskie-rekomendatsii-po-identifikatsii-zhertv-torgovli-ljudmi> (дата обращения 20.02.21)

22. Современное рабство в Казахстане — всё о торговле людьми/ Интернет – источник <https://the-steppe.com/razvitie/sovremennoe-rabstvo-v-kazahstane-vse-o-torgovle-lyudmi> (дата обращения 20.02.21).

23. Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 2-бабы Интернет – источник https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/child_optprot.shtml (дата обращения 01.03.21).

24. Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 Нормативтік қаулысы.

25. Центр новостей ООН. URL: <http://www.un.org/russian/news/>.

26. Иногамова-Хегай Л.В. Международное уголовное право. СПб., 2013 С. 11

27. Халықаралық көші- қон ұйымының ресми парағынан алынған материалдар пайдаланылған [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://migrationdataportal.org/themes/human-trafficking>.

28. Собрание узаконений за 1912 год. № 226 Ст. 2037

29. Уголовное право России. Общая часть. — Т. 1 / Ред. А. Н. Игнатов және Ю. А. Красиков. — М.: НОРМА- ИНФРА, 1999. — 639 с.

30. ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400>

31. Всемирный доклад о торговле людьми Управления ООН по наркотикам и преступности 2014.

32. Синицин Ф.Л. Зарубежное законодательство по проблеме торговли

людьми // Московский исследовательский центр по проблемам организованной преступности и коррупции//<http://www.mosogcrimecenter.ru>.

33. Dinah Shelton. Protecting human rights in a globalized world. *Date Views* 2012;.11: 102-105.

34. Шагинян И.Д. Ответственность за растление несовершеннолетних и вовлечение их в порнобизнес // Вестник Саратовской Государственной академии права. Научный журнал. 2003. № 2 (35). С. 58-65.

35. Международно-правовые основы борьбы с незаконной миграцией и торговлей людьми. Сб. док. /Сост. В.С. Овчинский. М.: Инфра-М, 2004. 300 с.\

36. Синицин Ф.Л. Международное законодательство по проблеме торговли людьми. Пермь. 2000. 94 с.

37. Милевский А.И. Уголовно-правовая борьба с торговлей несовершеннолетними// Экономика и право Казахстана. – 2009. - №3 – 92 - 94 бб.

38. Морозов П. «Формирование правовых основ устранения торговли людьми в зарубежных странах» / П.Е. Морозов // Вестн. Пермского ун-та. Сер. Юридические науки. — 2011. — Вып. 3 (13). — С. 181–187.

39. Legge 11 agosto 2003 n.228 Misure contro la tratta di persone» // Pubblicata nella Gazzetta Ufficiale n. 195 del 23 agosto 2003.

40. Дурманов Н.Д. Обзор судебной практики о преступлениях несовершеннолетних и о вовлечении их в преступную и иную антиобщественную деятельность. //Бюллетень Верховного Суда РК.-2012. - №5. С. 64 -70.

41. Борчашвили И.Ш. комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан (Особенная часть) - файл Комментарий к УК.

42. Торговля людьми. Социокриминологический анализ / Под общ. ред. Е.В. Тюрюкановой и Л.Д. Ерохиной. М.: Academia, 2002. 224 с.

43. Ахметшин Х.М. Уголовно-правовые средства противодействия рабству и торговле людьми. Автореферат дисс. канд. юрид. наук. М., 2005. 313 с.

44. Девушек из южного Казахстана вывозили в Бахрейн для продажи //<https://www.zakon.kz/5039534-devushek-iz-yuzhnogo-kazahstana.html>.

45. От 500 тыс. и в рассрочку: младенцев продают на черном рынке в Казахстане Интернет – источник // <https://www.nur.kz/society/1909308-ot-500-tys-i-v-rassrochku-mladentsev-prodayut-na-chernom-rynke-v-kazahstane/>
46. Торговля детьми в Казахстане: преступление и наказание Интернет – источник // <https://ru.sputnik.kz/society/20160921/198333.html>.
47. Судебный кабинет <https://office.sud.kz/lawsuit/>
48. Шаргородский М.Д. Ответственность за преступления против личности./Л., 1953. С. 15
49. Лукичев О.В. Детоубийство: уголовно-правовая криминологическая характеристика. СПб., 2000. С. 32
50. Красиков А.Н. Уголовно-правовая охрана прав и свобод человека в России. Саратов, 1996. – 65 с.
51. «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 Нормативтік қаулысы / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S>
52. «Сколько стоит младенец на черном рынке в Алматы» // <https://www.zakon.kz/5066344-skolko-stoit-mladenets-na-chernom-rynke.html>
53. Ерменбетова Л. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алудағы құқықтық тәрбиенің рөлі.//Юриспруденция сериясы вестник КазНПУ. 2006. 572 б.
54. Казаченко И.Я.Охрана семьи уголовно – правовыми средствами. М., 2010. 167 с.
55. Игнатов А.Н. Эффективность борьбы с вовлечением несовершеннолетних в преступную деятельность. Омск, 2005. 230 с
56. Рустемова Г.Р. Уголовно-правовое регулирование трансплантации органов и тканей человека. А., АВШ ГСК РК, 1998, с.115
57. Елеманов С.Х. Брак, семья, преступность, //Вестник КазНУ им.Альфарابي, сер.юридич., 2002, №4, с.19
58. Милевский А.И., Боровиков В.Б. Незаконное усыновление как один из

факторов, способствующих распространению торговли несовершеннолетними // Следователь. 2007. № 4. С. 83 - 90.

59. Ахметшин Х.М. Торговля несовершеннолетними: Социальные аспекты и юридические нормы // Российская Юстиция. 2005. № 8. С. 48 - 55.

60. Скорлуков О.А. Квалификация действий лиц, осуществляющих торговлю людьми и использующих рабский труд // Вестник Московского университета МВД России. М.: ЮНИТИТ-ДАНА, 2005. № 3. С. 75 - 81.

61. Борисов Т. Прейскурант на невинность. Россия может стать мировым лидером детской порноиндустрии // Российская газета. 2005. 22 июля. С. 95 -103

62. Кудрявцев В.Н. Объективная сторона преступления. М.: Госюриздат, 2010. 244 с.

63. Малинин В.Б., Парфенов А.Ф. Объективная сторона преступления. СПб.: Изд-во Юридического института (Санкт-Петербург), 2004. 301 с.

Қосымша 2

Нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша
ұсыныстарға салыстырма кесте.

		Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция	Негіздеме
1	2	3	4	5
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі				
1.	135-бап, 1–бөлігі	ҚР ҚК 135-ббы, 1-бөлігі (кәмелетке толмағандар саудасы) Кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау.	ҚР ҚК 135-бабы, 1-бөлігі (кәмелетке толмағандар саудасы) Кәмелетке толмаған адамды «сату және (немесе) сатып алу немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау.	Қолданыстағы қылмыстық кодекстің сипаттамасында кәмелетке толмағандар саудасы ұғымында олардың құндылығы ескерілместен, тек зат, тауар тұрғысынан қарастырылғанын байқалады. Осыған байланысты, кәмелетке толмағандар саудасының түсінігін БҰҰ Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын

				Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы заңына сәйкес кәмелетке толмағандар саудасы туралы түсінікке қолданыстағы қылмыстық іс-әрекеттің белгілерін сәйкестендіру қажет.
2.	135-бап	ҚР ҚК 135-бабы 1-бөлігі (кәмелетке толмағандар саудасы) Кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау	135-бап ҚР ҚК 135-бабы 1-бөлігі (кәмелетке толмағандар саудасы) Кәмелетке толмаған адамды «сату және (немесе) сатып алу немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де әрекеттер жасау, «сол сияқты кәмелетке толмағандар саудасындағы	Түзетулер кәмелетке толмағандардың саудасы үшін қылмыстық жауаптылық мәселелерін құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында әзірленді. ҚК-нің 135-бабында басқа адамдарға қатысты қылмыстық жауаптылық толық көлемде қамтылмаған.

			делдалдық».	
3.	135-бап	<p>ҚР ҚК 135-бабы 4-бөлігі (Кәмелетке толмағандар саудасы) осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:</p> <p>1) қылмыстық топ жасаса;</p> <p>2) олар абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса;</p> <p>3) бөлігі жоқ</p>	<p>ҚР ҚК 135-бабы 4-бөлігі (кәмелетке толмағандар саудасы) «3) жас балаға қатысты жасалса - ...».</p>	<p>Түзетулер кәмелетке толмағандардың саудасы үшін қылмыстық жауаптылық мәселелерін құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында әзірленді. ҚК-нің 135-бабына сәйкес кәмелетке толмағандардың саудасы үшін жауаптылық көзделген. Көрсетілген қылмыстық-құқықтық норманың мағынасынан кәмелетке толмаған адам, яғни 14-тен 18 жасқа дейінгі адам жәбірленуші ретінде танылуы керек. Сауда фактісін саралау кезінде жәбірленушілер – жаңа туған немесе жас балалар ерекше назар аударуды талап етеді. Олардың даму ерекшеліктеріне байланысты мұндай адамдар толығымен қорғансыз,</p>

				<p>қылмыскерлер оларды сату немесе сатып алу кезінде қауіп төндіретін дәрежесін түсінбейді. ҚР азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес 14 жасқа толмаған адамдар жас балалар ретінде танылады (АК 16-бабы).</p>
--	--	--	--	---